- жас ерекшеліктеріне сай оқуға, жазу-сызуға арналған парталар;
- гигиеналық талапқа сай асхана;
- киім ілгіштері мен артық киімдерін қоятын жеке шкафтар;
- сынып бөлмесінде әр оқушының оқу-ойын құралдары сақталатын арнайы орын;
- баланың бойына ескеріліп құрылған сынып тақтасы.

Ойын бөлмесін жабдықтауда ойыншықтар топтамасымен қатар, тақырыптық бұрыштар (зоналар) құрылған жөн. Мәселен, кітапхана, дүкен, асхана, үйшіктер, шаштараз, дәріхана т.б.

Алты жасар баланы мектепке даярлау және қабылдау кешенді түрде аса жауапкершілікпен ұйымдастырылатын, ата-аналармен қатар, педагог қауымының белсене қатысуымен жүзеге асырылатын процесс.

Ата-аналардың көпшілігі бала тәрбиесіндегі педагогикалық талаптардан бейхабар болуы мүмкін. Сондай-ақ баланың физиологиялық-психологиялық (маман болмаса) даму ерекшелігі де назардан тыс қалатын жағдайлар болады.

Сондықтан педагог қауымның алдына қойылатын қосымша талап – ата-аналармен жұмысты одан әрі жетілдірудің тың жолдарын қарастыра отырып, ортақ мақсатқа жетудің ұтымды сәттерін қалт жібермей, жіті қарап отыру.

Өкінішке орай, педагог тарапынан кәсіби талапты орындауға толық мүмкіндік болмай қалып жататын жағдайлар кездеседі. Ол кәсіби маманның жетіспеушілігіне байланысты құбылыс.

Ал бала тәрбиесіне қатысып, жаны таза, жүрегі пәк жас бүлдіршіндердің тәрбие ісінде өзінің кәсіби құзыреттілігімен танылу, сөйтіп, еліміздің жарқын болашағының негізін қалауға үлес қосу мамандық таңдауға бет алған кез келген азаматтың борышы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша елімізде ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылуда.

12 жылдық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандартының жасалуы білім беру жүйесіндегі бірізділік пен сабақта-

стықтың мақсатқа сай іске асыуына кепіл бола алады деген үміттеміз. Олардың құрылымы әлемдік және отандық тәжірибеге сүйеніп, мазмұны ұлттық құндылықтарға негізделетін болса, сондай-ақ, жеке тұлғаның дамуына тікелей ықпал ететін құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейтін ұстанымдардан тұратын болса онда жаһандану дәурінде дүниеге келген жас ұрпақтың болашағын айқындауға мүмкіндік туады деп сенеміз.

Жалпы алғанда, алты жасар баланың мектепке даярлығы мен мектеп оқушысының қатарына еркін еніп кетуі баршамызға ортақ іс.

Жарқын болашақтың тамырын тең, тұғырын биік жасаймыз деген игі мақсатымыз ізгі істерден көрініс тауып, сабақтастықпен жалғасып жатса, білім беру ісінің осындай түйткілді мәселелері шешімін табуы тиіс.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл - құрал. – Қызылорда, 1926. – 114 б.
2. Бидосов Ә. Математика оқыту методикасы. Алматы, – 2007.
3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, - 1992.
4. Амонашвили Ш.А. Единство цели. – М.: Просвещение, 1987
5. Ганелин Ш.И. Принципы обучения //Педагогика, Москва.
6. Запорожец А.В. Педагогические и психологические проблемы всестороннего развития и подготовки к школе старших дошкольников. //Дошкольное воспитание. МОсква – 1972.
7. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии - СПб: Издательство «Питер», 2000
8. Симонович А.С. Связь детского сада со школой // Детский сад. 1999.
9. Сухомлинский В.А. / сост. Г.Д. Глейзер. - М. : ИД Шалвы Амонашвили, 1997.

Б.К. Игенбаева

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ МЕЖДУ ДОШКОЛЬНЫМ ОБРАЗОВАНИЕМ И НАЧАЛЬНЫМ ОБРАЗОВАНИЕМ

к.п.н., доцент, заведующая лабораторией дошкольного и начального образования, Национальная академия образования им. Ы.Алтынсарина, г.Нур-Султан, Казахстан

B.K. Igenbayeva

PEDAGOGICAL CONDITIONS OF CONTINUITY BETWEEN PRESCHOOL EDUCATION AND PRIMARY EDUCATION

Ph.D., Associate Professor, Head of the Laboratory of Preschool and Primary Education, National Academy of Education named after Y.Altynsarina, Nursultan, Kazakhstan

Аннотация. В данной статье рассмотрен педагогический аспект подготовки ребенка к школе. Проведен анализ физиолого-психологического состояния шестилетнего ребенка. Предложены подходы, учитывающие специфику обучения в начальной школе.

Ключевые слова: подготовка к школе, преемственность, внимание, восприятие.

Abstract. This article considers the pedagogical aspect of preparing a child for school. The physiological and psychological state of a six-year-old child was under analysis which allowed to propose some approaches that take into account the specific features of teaching in primary schools.

Keywords: preparation for school, continuity, attention, perception.

FTAMP 14.01.29

А.Р. ИБРАЕВА¹, К.К. ТЛЕУОВ², Д.А. АДИЛЬЖАНОВА³, Қ.К.БУРУНБЕТОВА⁴

¹Педагогикалық шеберлік орталығы ЖМ Павлодар қ. филиалы, Павлодар қ., Қазақстан

²Педагогикалық шеберлік орталығы ЖМ Ақтау қ. Филиалы, Ақтау қ., Қазақстан

^{3,4}Педагогикалық шеберлік орталығы ЖМ Өскемен қ. филиалы, Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: lbrayeva@cpm.kz, tleuov@cpm.kz, adilzhanova@cpm.kz, burunbetova@mail.ru

МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНЕ КӘСІБИ БАҒДАР ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада орта мектептерде кәсіби бағдар беру жұмысының маңыздылығы, жүйесі, шетел тәжірибесі және мектепте кәсіби бағдарды ұйымдастыру жолдары қарастырылды. Жұмыстың мақсаты оқушыларға кәсіби бағыт берудің маңыздылығы бойынша мұғалімдерде түсінік қалыптастыру және әдістемелік көмек көрсету.

Түйін сөздер: кәсіби бағдар, мамандық таңдау, кәсіби жарамдылық, кәсіби бейімділік, кәсіби іріктеу, балаға мамандықты таңдауда қалай көмектесеміз, кәсіби бағдар жұмыс жоспары.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) мақсаты - Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру деп көрсетілген. Ал, бесінші мін-

деті экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, осы бағдарламада кәсіби бағыт бағдарға қатысты бірнеше мәселелер атап көрсетіледі. Оның ішінде: Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беретін (бұдан әрі – ТжКБ) оқу орындарын бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі – 75 %, ал жоғары оқу орындардың (бұдан әрі - ЖОО) үлесі 65% көрсеткен; Ғылыми-зерттеу

ұйымдарының сапасы бойынша Қазақстан (Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі – 63 орында тұрақтаған; Оқушылардың кәсіби бағдарына бірыңғай көзқарастың болмауы білім берудің үздіксіздінің мәселелерін айқындай түседі; ЖОО мен ТЖКБ мектептерге барып, мектеп оқушыларын тарту мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмыстары негізінде жарнама түрінде жүргізіледі; 2016 жылғы «Болашақ – менің таңдауым» (Білім – Орталық Азия) әлеуметтік зерттеу нәтижелері жоғары сынып оқушыларының 15 %-ы болашақ кәсіби қызметін анықтай алғанын көрсеткен, ал KASIPTEST кәсіптік диагностикасы 11-сынып оқушыларының 75 %-ы оқытудың бейіндік бағытын дұрыс таңдамағанын көрсеткен екен. Кәсіптік бағдар берудің әлсіздігі жұмысшы кәсіптері беделінің төмендігімен қоса студенттердің ТЖКБ жүйесімен аз қамтылуына себеп болған [1].

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

Жоғарыда аталған мәселелер білім беру мекемелерінде, әсіресе мектептерде өте өзекті. Себебі, Қазақстан азаматының моделін айқындайтын кәсіби бағдар берудің бірыңғай тұжырымдамасы жоқ. Берілген жұмыс оқушыларға кәсіби бағыт берудің маңыздылығы бойынша мұғалімдерде түсінік қалыптастыру және әдістемелік көмек көрсету мақсатында жазылды.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Мектеп қабырғасындағы оқушылар келешекпен бетпе-бет келеді, бұл келешек ата-анасының тәжірибесінен тым өзгеше. Мысалы, ата-анасының жас кезіндегі кассир мамандығын қазір банкоматтар (арнайы құрылғылар) ауыстырған. Бұрын ақпараттық технологиялар өзекті болмаса, қазір өте өзекті. Технологиялардың қарқын-

ды дамуымен жаңа мансаптар да сондай қарқынмен пайда болып жатыр. 10 жыл бұрын қазіргі жұмыс орындары болмаған (Casserly.M,2012). Қазіргі VUCA (volatility, uncertainty, complexity, ambiguity) әлемінде, яғни өзгергіш, белгісіз, күрделі, түсініксіз заманда осындай өзгерістердің орын алып тұратынын, кейбір мамандықтардың 10-20 жылда жойылатындығы туралы біздің оқушыларымыз біліп, өзінің дағдыларын икемдей алып, басқара алуы керек. Оқушылардың көбі келешекте жұмыс орынын, мансабын бірнеше рет ауыстыруы мүмкін екенін білуі керек, тіптен басқа салаға да ауысуы ғажап емес екенін де ескере отырып, бірнеше дағдыларды дамыту керек екенін түсінуі қажет. Өмірдің ағынында кейбір дағдыларды өзгерту ықтималдылығын әр оқушы, студент түсіну үшін мұғалімдер мектепте оқушыларды «өмірлік мансапқа» емес, «өмір бойғы мансапқа» дайындауы қажет [2].

Кәсіби бағдар беру – қоғам сұранысына қарай мектеп қабырғасында оқушылардың мүмкіндіктері мен бейімділіктерінің негізінде келешекте саналы да, сапалы өмір сүру мақсатында оқушыларды мамандыққа баулу, мамандықты таңдау бойынша педагогтардың мақсатты түрде істейтін жұмысы. Бастауыш сыныптардан бастап оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын ояту арқылы кәсіпті жоспарлауды 5 сыныптан бастаған абзал. Осы сыныптарда бұл оқушылар қызығушылықтарына, мүмкіндіктеріне қарай пәндерді өзара байланыстырып, білімдері мен дағдыларын дамытып, келешек мамандығына жол аша алады. Оқушылар өздерін дағдылармен, біліммен қамтамасыз ететін стратегияларды үйренуі керек, себебі осы білім, білік, дағдылар кәсіпті жоспарлау мен оны басқару жолында қажет болады. Оқушыға қол жетімді, уақтылы білім

беру, жұмсақ дағдыларды (ынтымақтастықта жұмыс жасауды, сыни тұрғыдан ойлауды, креативті ойлауды, қарым-қатынасты құруды) дамыту және кәсіптік бағдар беру болашаққа бағытталған және жекелендірілген болуы шарт. Бұл өз кезегінде жеке адам үшін де, ұлт үшін де ұзақ мерзімді пайда. Сондықтан, Қазақстандық мектептер өзгермелі заманға оқушыларды ерте жастан бастап әзірлегендері абзал, себебі біздің мектептерде кәсіби бағдар жұмыстары 9-11 сыныптарда ғана қолға алынып, іс-шаралар жоспарланып, жүргізіледі. Тәжірибе көрсетіп отырғандай көп жағдайда ЖОО мен ТжәнеКБ түлектері өз мамандықтары бойынша жұмыс таба алмай, басқа салада жұмыс істеп жүрсе, кейбіреулері жұмыссыз қалып жатады. Оқушылардың мамандық таңдауда қателескендігін көрсетіп, кәсіби бағдардың ерте, дұрыс берілуі керек екендігінің маңыздылығын айқындай түседі. Осы кезеңде оқушылар нақты өзінің неге икемі бар, қандай қабілеттері бар екенін анықтаумен емес, өзінің қабілеттері мен икемділігіне байланысты жаңа мамандықтар атласының негізінде мамандықтарды айқындап, қандай ЖОО оқитындығын анықтап, олардың талаптарымен танысып, ЖОО немесе ТжәнеКБ түсуді ойлағаны абзал.

Кәсіби таңдау мен дамудың негізгі теориялары ұзақ уақыт бойы ақпараттың орталық рөлін атқарды. «Мен» тұжырымдамасы қалыптасуда және мамандық таңдауда адамның жалпы өзі, білім алу және келешекке дайындық, еңбек нарығындағы сұраныстар туралы ақпараттар негізгі орын алады. «Кәсіби жетілу, мансапты қолдану және басқару» тұжырымдамасының қалыптасуына кәсіби бағдар бойынша ақпараттарды жинау, талдау және бағалау дағдылары жатады. Мектепте оқушыларға пәндік білім ғана беріп қоймай, алған білімдері туралы ойланып, оны қолдану, тал-

дау, бағалау дағдыларын да дамыту қажет болады. Сонда өздігінен мансапты таңдауды басқара алады [3].

Мектепте пәндік білімнен басқа қолдану, талдау және бағалауға арналған тапсырмалар арқылы оқушылардың жоғары деңгейде ойлау қабілеттерін дамытып, мамандық таңдауда аналитикалық дағдысына сүйеніп, мамандықты қарастыру мүмкіндігі болуы шарт. Алайда, мектептерде көбіне білу – түсіну деңгейдегі, яғни мұғалімдер көбіне төменгі деңгейдегі тапсырмаларды береді. Ал, бұл өз кезегінде оқушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолданып, ол туралы талдау жасауын шектейді. Сондықтан, мектепте оқушыларды сыни тұрғыдан ойландыратын тапсырмалар құрастырылып, сабақта ұсынылуы қажет. Әртүрлі дереккөздерден оқушылар білім, кәсіп, еңбек нарығы туралы қажетті ақпараттарды ала алады. Ол дереккөздердің кейбірі бейресми болса, кейбірі ресми болып табылады. Мысалы, бейресми ақпараттарға достарынан, отбасынан, сыныптастарынан алынған деректерді жатқызуға болады. Бейресми ақпараттарда кәсіп, мансап туралы егжей-тегжейлі сипаттама болуы мүмкін, алайда ол ақпараттардың сенімді екеніне көз жеткізе алмаймыз, себебі ол ақпараттар дәлелденбеген, ресми, нақты емес, шын / жалған, жаңа / ескі екенін тағы да білмейміз. Бұндай ақпараттар жаңа зерттеулер үшін жаңа мүмкіндіктерді ашпай, тек барлығына бірдей, белгілі өткен және осы шақтағы дүниелермен ғана оқушыларды шектеулері мүмкін. Жаңа, сенімді, кешенді, мүмкіндіктер туралы ақпараттар тек ресми дереккөздерде ғана болады. Сонда мұғалімдер кәсіби бағдар беру жұмысын жүзеге асыруда тек ресми ақпараттарға жүгінулері қажет. Кәсіптік бағдар, мансап туралы ресми ақпараттарды тиімді тарату, оның сапасын анықтау, ұйымдастыру мемлекеттік

маңызы бар мәселе ретінде қарастырылып, жүзеге асырылғаны абзал. Себебі, кәсіп, мансап елдің, мемлекеттің дамуы, өркендеуі мен жетілуіне тікелей әсер етеді. Мектептен кейінгі білім алуға, жұмысқа, жалпы өмір бойы өзінің мансабын, кәсібін жоспарлап, басқаруды мектеп қабырғасынан оқушыларды үйретіп, дағдыландыруымыз керек. Еңбек әлеміне, жалпы әлемдік экономикада бәсекеге қабілетті болуға, жалпы мағыналы, өнімді және саналы өмір сүруге дайындауымыз керек (Lapan, Gysbers & Sun, 1997) [4].

Дұрыс, толық берілмеген ақпараттар оқушылардың кәсіби мамандықты таңдауда қателесуіне алып келу мүмкін. Дұрыс таңдалмаған мамандық соңында оны ауыстырумен немесе оны мүлдем тастап, басқа салаға кетуіне алып соғады.

Мамандықты таңдаудағы қателіктер: «Біреудің ізімен жүру», «жұлдыздарды пір тұтып», мамандықтардың келешекте өзгеруін есепке алмау, «сәнді» мамандықтарды таңдау немесе «барлығы барып жатыр, менде барамын», кәсіпті, мамандықты айқындауда өзінің физиологиялық артықшылықтары мен кемшіліктерін ескеруді естен шығару, мамандық туралы толық білмей кәсіпті таңдау және т.б.

Оқушылар дұрыс, қоғамға қажетті, өзін қызықтыратын мамандықты таңдай алуы үшін мектеп ұжымы бірге ынтымақтастықта осы бағыт бойынша жұмыла, жүйелі жұмысты жоспарлап өткізулері керек. Мектепте оқушыларға кәсіби бағдарды тиімді ұйымдастыру және беру өте маңызды, себебі бұл – оқушының, елдің келешегі. Бұл жерде тек сынып жетекшілері мен психологтар ғана емес, сонымен қатар барлық педагог қауым бірге жұмыс жасағандары абзал. Мұғалімдер пәндері арқылы жүзеге асырса, мектеп директорлары кәсіби бағдар беру жұмысын бақы-

лап, басқарса, оқу/тәрбие ісінің меңгерушілері, сынып жетекшілері әр-түрлі іс-шараларды (ашық есік күндері, ел/әлем бойынша жаңа мамандықтар атласымен жұмыс, әр-түрлі маман иелерімен онлайн/офлайн кездесулер, конференциялар, түрлі зияткерлік жарыстар, Қазақстандық/әлемдік университеттерге шолу жасау т.с.с) жоспарлап, ұйымдастырса, мектеп психологтары оқушылардың икемділіктерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін, зиятын, дағдыларын әр-түрлі диагностикалық тесттер, сұхбаттар арқылы анықтаса, мектеп кітапханашылары кәсіби бағдар бойынша әдебиеттердің картотекасын, анықтамасын жасау арқылы оқушыларға қолдау жасай алады.

Ұжымның кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша негізгі міндеттері:

- оқушыларды жалпы мамандықтар әлемімен таныстыру, кәсіптік ақпарат беру, оның маңызы мен мәні туралы түсініктерін қалыптастыру;
- оқушылардың икемділіктерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін, зиятын, дағдыларын, қызығушылығын ашу, дамыту үшін оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтау, зерттеу;
- кәсіби бағдарды ерте жастан білім, білік, дағдыларды дамыту арқылы еңбекті құрметтеу, сүюге баулы;
- әр пәнде жұмсақ және қатты дағдыларды қалыптастыру, дамыту;
- оқушылар кәсіби бейімделуі үшін мамандықтар бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастыру (жоғары сынып оқушылары үшін әр түрлі маман иелерімен онлайн/офлайн кездесулер, өндірістік жерлерге саяхатты, ата-анасының жұмысына саяхатты, мүмкін болса әлемнің/ елдің мықты ұйымдарымен кездесулер, үйірмелер т.б іс-шараларды ұйымдастыру);
- оқушылардың денсаулығын, әлеуметтік, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып,

кәсіптік ақыл-кеңестер беру;

- мамандық таңдауда түлектерге қолдау көрсету, бағыттау, көмектесу (мамандықтар атласына сәйкес мәжбүрлемей гуманистік жолмен жүргізілгені абзал);

- оқушыларда анықталған мүмкіндіктер мен қабілеттер негізінде ұқсас мамандықтарға бейімдеу [5].

Бұрын мектеп қабырғасында айқындалған бір бағыттағы мамандықпен өмір бойы тұрақты өмір сүрсе, қазір ол бір бағыттағы білім де, дағды да аздық етеді, себебі келешекті айтпағанда қазіргі өмірдің өзі бұлыңғыр, тұрақты емес, өзгермелі және күрделі. Біздің келешек ұрпақ VUCA әлемінде мағыналы, сапалы өмір сүріп, бәсекеге қабілетті болуы үшін мектеп қабырғасынан қатты (hard) және жұмсақ (soft) дағдыларды дамытып, функционалды сауаттылықтарын арттыруымыз қажет. Функционалды сауаттылық дегеніміз - оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алуы болса, сол функционалды сауаттылықты дамытатын, қалыптастыратын осы қатты және жұмсақ дағдылар [6].

Кәсіби бағдар беру қағидаларын төмендегідей біріктіруге болады:

Танымдық қағидасы. Белгілі бір мамандықты тек қызығушылығы негізінде ғана таңдап қоймай, сол мамандық бойынша білімі де болуы шарт. Сондықтан, мамандықтың негізін әр оқушы бастауыш сыныптардан бастап жан-жақты қалыптастырады, ол туралы ізденеді, оқиды, үйренеді.

Сәйкес келу қағидасы. Оқушының жеке қызығушылығы, мүмкіндіктері, мамандық таңдауы қоғамның сұранысына сәйкес келуі шарт. Егер сәйкес келмей жатса онда мемлекетте, оқушыда ұтылып, барлық жасаған іс-шаралар сәтсіздікке ұшырайды.

Белсенділік қағидасы. Мамандықты таңдауда, іздеуде тұлғаның, яғни

оқушының өзі белсенді болуы қажет, қызығушылығын танытуы қажет. Белсенділік таныту қажет дегенге таңдаған мамандығы туралы ақпараттар жинау, ата-аналармен кеңесу, тәжірибелік сынау, жұмыс орынына бару, жұмысшылармен әңгімелесу, үйірмелерге қатысу, курстарға жазылу сияқты іс-әрекеттер жатады.

Даму қағидасы. Таңдаған мамандығы бойынша ары қарай біліктілігін арттыру мақсатында ғылыми көзқарасты дамытуы, еңбекпен, өмірмен, тәжірибесімен байланыстыруы шарт. Сол арқылы үнемі біліктілікті арттырып отыру қажеттілігін түсініп, «өмір бойы үйрену» қағидасын ұстанатын болады [7].

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру жолдары.

Мектептерде кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру үшін, ең алдымен нақты бағыттарын анықтау қажет: 1) кәсіби ағарту; 2) кәсіби диагностика; 3) кәсіби консультация; 4) кәсіби іріктеу – нақты еңбек түріне адамның жарамдылығын (сәйкестігін) анықтау; 5) кәсіби жарамдылық; 6) кәсіби бейімделу және т.б.

Кәсіптік бағдар беруді ақпараттық сүйемелдеу іс - шараларының түрлері:

- мамандық бойынша білімді қалыптастыру;
- мамандықтың пәндік білімдерін білу;
- оқушылардың жеке мінез құлықтарына сәйкес келетін мамандық талаптарын білу;
- еңбек нарығының ерекшеліктерін және сұранысқа ие мамандықтарын білу;
- өзін-өзі дамытуға және өздік диагностика жасауға үйрету;
- пайдалы тиімді ақпарат көздерін іріктей алу;
- өңірдегі, салалардағы ахуал бойынша маркетингтік зерттеулердің

нәтижелерін жариялау;

- кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары білім беру мекемелерінің сайттарын, оның ішінде кәсіптік бағдар беруге арналған материалдармен ақпараттық толықтыру;

- білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар арасындағы бірлескен жобаларды ақпараттық сүйемелдеу;

- жоғары сынып оқушылары мен талапкерлер үшін білім беру қызметтерінің көрмелері мен жәрмеңкелерінде консультациялық пункттер ұйымдастыру;

- кәсіптік білім беру ұйымдары, жоғары білім беру мекемелері мен кәсіпорындар мамандарының тақырыптық сұхбаттарын ұйымдастыру, БАҚ-та материалдар жариялау;

- дәрістер, конференциялар еңбек нарығындағы кәсіптер мен тенденциялар, мысалы, «Жаңа мамандықтар атласы».

Оқушылардың кәсіптік бағдарлаудағы консультациялық-диагностикалық іс-шаралар түрлері:

- ата-аналар мен оқушыларға мамандық таңдауда кеңес беру;

- қызығушылықтарын, қабілеттерін, мүмкіндіктерін анықтайтын сауалнамалар, тапсырмалар, тестер ұсыну, өткізу;

- оқушылардың қабілеттерін дамытуға қосымша үйірмелер, іс-шаралар ұйымдастыру, көмектесу;

- 9-10 сыныптарға әртүрлі маман иелерімен сұхбаттасуға мүмкіндік жасау;

- бастапқы, аралық, кейінгі диагностика жүргізу.

- әлеуметтік желідегі парақшада жаңа мамандықтар туралы ақпараттарды ұсыну, кеңестер мен ұсынстарды жариялау.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлауға бағытталған іс-шаралар түрлері:

- әңгімелесулер (анықтама-

лық-ақпараттық, кәсіптік бағдар беру-профилактикалық, кәсіптік диагностика);

- воркшоптар;

- әр түрлі мамандықтағы мамандармен және жұмыс берушілермен кездесулер;

- іскерлік ойындар, конкурстар, викториналар, спорттық іс-шаралар;

- Ашық есік күндері;

- ақпараттық-жарнамалық өнімдер (буклеттер, проспектілер, ақпараттық парақшалар және т. б.);

- кәсіби бағдар беру сипатындағы жеке және топтық кеңестер;

- сурет, шығарма байқаулары;

- жазғы кәсіптік бағдар беру мектебі;

- мастер-кластар;

- оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары;

- техникалық оқыту;

- WorldSkills, JuniorSkills, Абилимпикс өңірлік чемпионаттарының конкурстық алаңдарына бару,

- орта кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша білім алушылардың кәсіби шеберлік олимпиадалары;

- кәсіптік бағыттағы бейіналды элективті шағын курстар;

- кәсіби диагностика;

- кәсіби сынақтар;

- кәсіптік бағдар берутренингтері;

- оқу орындары туралы жарнамалық хабарландыруларды, имидж-мақалаларды газеттер мен анықтама-лықтарда жариялау;

- кәсіби бағдар беру клубының орталықтың және т. б

- кәсіби білім беру ұйымдары, жоғары білім беру мекемелері сайттарының жұмысы, іске асырылатын білім беру бағдарламалары туралы ақпарат, практика және жұмысқа орналасу орындары туралы ақпарат, осы салалар бойынша өңірдің кәсіпорындары мен ұйымдарының сайттарына сілтемелер;

- мультимедиялық презентацияларды, бейнероликтерді, оқу фильмдерін, компьютерлік ақпараттық-анықтамалық жүйелерді жасау / қолдану;
- сенбіліктер, күрделі жинаулар, еңбек десанттары;
- тақырыптық сынып сағаттары;
- тақырыптық конференциялар мен телеконференциялар;
- Тақырыптық ата-аналар жиналысы;
- каникул уақытында оқушыларды жұмысқа орналастыру;
- кәсіби бағдар сабақтары;
- «Try Skills» кәсіби сынамалар чемпионатына қатысу;
- кәсіпорындарға, фирмаларға,

- ұйымдарға экскурсиялар;
 - флэшмобтар; форсайттар;
 - мамандықтар жәрмеңкесі;
 - кәсіптік білім беру ұйымдары, жоғары білім беру мекемелері студенттерінің жұмыстарының жәрмеңке-көрмелері,
- Жоғарыда келтірілген іс-шараларды ескеріп, оқушылардың кәсіптік бағдары бойынша мектеп директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы аясында қолданылатын кәсіптік бағдар беру жоспарын жалпы орта мектеп мұғалімдері өз тәжірибелерінде қолдана алады (кесте 1).

Кесте 1. Кәсіптік бағдар беру жұмысы жоспарының үлгісі

№	Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмысының кешенді бағдарламасының бағыттары	Тапсырма	Шешу жолдары	Орындау мерзімі	Жауапты маман (сынып жетекшісі, психолог т.б.)

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім алушыларға үнемі кәсіби бағдар беріп, оларға мамандық таңдауда қолдау көрсету маңызды. Оқушылардың дұрыс, қажетті мамандықты таңдауы, оның келешектегі жетістіктерінің көрсеткіші болмақшы. Ал, оқушының келешектегі жетістігі елдің дамуына, әсер тигізіетіні сөзсіз. Кәсіби бағдар беруде мұғалімнің үлесі өте зор. Мұғалім оқушыға ғылыми дәлелденген, сенімді ақпарат көздерінен алынған, сараптама-

дан өткен ақпараттарымен ғана бөлісіп, қоғамға қажетті, сұранысқа ие мамандықтарды ұсынады. Оқушыға тиімді мамандықты таңдауға мүмкіндік бере отырып, мұғалім өзінің тәжірибесін де жақсартады. Егер, VUCA әлемінде оқушыларымыз бақытты, сапалы және саналы өмір сүріп, қоғамда өз орынын таба алса, онда мектепте дұрыс және тиімді кәсіби бағдар берілгендігін көре аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. Casserly, M., 10 jobs that didn't exist 10 years ago. Retrieved July 2012, from <http://www.forbes.com/sites/meghancasserly/2012/05/11/10-jobsthat-didnt-exist-10-years-ago/>.
3. CAREER GUIDANCE AND PUBLIC POLICY: BRIDGING THE GAP – ISBN-92-64-10564-6 © OECD 2004, 83р.
4. Lapan, R., Gysbers, N., Sun, Y., The impact of more fully implemented guidance programs on the school experiences of high school students, *Journal of Counseling and Development*, 1997, 292-301pp.

5. <https://malimetter.kz/kasiptik-bagdar-beru-zhumysynyn-zhujesi/>

6. Environics Research Group, *Career Development in the Canadian Workplace: National Business Survey - CERIC.*, 2014, Retrieved from <http://ceric.ca/career-development-in-the-canadian-workplace-nationalbusiness-survey/>

7. Сырлыбаева Кумисай Акбаевана, Бимагамбетова Сандугаш Серикбаевна, Алимова Құндыз Шайыпқызы, Естаева Алия Оңласбекқызы, Мамытбаева Жанат Абдиманаровна, КӘСІПТІК БАҒДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ, *Web of Scholar, Қазақстан*, ISSN 2518-167X, 8(17). November 2017. 49 б. <http://webofscholar.com/>

А.Р. ИБРАЕВА¹, К.К. ТЛЕУОВ², Д.А. АДІЛЬЖАНОВА³, Қ.К. БУРУНБЕТОВА⁴

ОСНОВЫ ПРОВЕДЕНИЯ ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ ДЛЯ ВЫПУСКНИКОВ ШКОЛ

¹Филиал ЧУ «Центр педагогического мастерства» в г.Павлодар, Казахстан

²Филиал ЧУ «Центр педагогического мастерства» в г.Актау, Казахстан

^{3,4} Филиал ЧУ «Центр педагогического мастерства» в г.Усть-Каменогрск, Казахстан

E-mail: ibrayeva@cpm.kz, tleuov@cpm.kz, adilzhanova@cpm.kz, burunbetova@mail.ru

A.R. IBRAEVA¹, K.K. TLEUOV², D.A. ADILZHANOVA³, K.K. BURUNBETOVA⁴

FUNDAMENTALS OF PROFESSIONAL WORK FOR SCHOOL GRADUATES

¹Branch of the PI «Center of Pedagogical Excellence» in Pavlodar, Kazakhstan

²Branch of the PI «Center of Pedagogical Excellence» in Aktau, Kazakhstan

^{3,4}Branch of the PI «Center of Pedagogical Excellence» in Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

E-mail: ibrayeva@cpm.kz, tleuov@cpm.kz, adilzhanova@cpm.kz, burunbetova@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается значение, система, зарубежный опыт и способы организации профориентационной работы в общеобразовательных школах. Цель работы - дать учителям понять важность профориентационной работы для школьников и оказать методическую помощь.

Ключевые слова: профориентация, выбор профессии, профессиональная пригодность, профессиональная ориентация, профессиональная отбор, как помочь ребенку выбрать профессию, план работы по профориентации.

Abstract. The article examines the meaning, system, foreign experience and methods of organizing vocational guidance work in secondary schools. The purpose of the work is to make teachers understand the importance of career guidance for schoolchildren and provide methodological assistance.

Keywords: vocational guidance, choice of profession, professional aptitude, professional orientation, career guidance work plan.

ГРНТИ 14.01.79

Т.А. ЛЕВАНОВА¹, Т.И. НАБАТНИКОВА²

¹КГУ «Тогузакская общеобразовательная школа отдела образования Карабалыкского района» Управления образования акимата Костанайской области

²Методический кабинет дошкольного и общего среднего образования управления образования акимата Костанайской области

РАЗВИТИЕ У ОБУЧАЮЩИХСЯ МОТИВАЦИИ К ВЫБОРУ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРОФЕССИИ

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы профессионального самоопределения обучающихся на педагогические специальности и процесс подготовки будущего педагога как последовательное образование в рамках личностного самопознания, саморазвития и самосовершенствования при педагогической поддержке в условиях ранней профилизации. Дается обоснование необходимости формирования мотивационного выбора обучающихся, способствующего выбору профессии учителя осознанно в соотношении с личными потребностями и интересами. Раскрываются задачи организации образования на стадии профильной и предпрофильной подготовки в обеспечении сопровождения процесса профессионального самоопределения учащихся как важного звена развития, корректировки отношений к профессиональным и жизненным ситуациям, которые помогают осуществлять первые пробы в профессии. При таком комплексном подходе сопровождения становления будущих учителей проявляется новизна системы раннего профессионального самоопределения старшекласников и ее педагогическая ценность для системы среднего общего образования. На примере опыта общеобразовательных школ показана деятельность педагогического класса и педагогического отряда при тьюторском сопровождении. В статье указывается значимость такого сопровождения при профильной подготовке обучающихся, которая осуществляется педагогами - тьюторами в рамках общепедагогических, информационных, психологических и организационных проблемах обучения.

Ключевые слова: профессиональное самоопределение, мотивация выбора профессии педагога, профильная и предпрофильная подготовка, классы педагогической профилизации, педагогическая поддержка и сопровождение обучающихся.

ВВЕДЕНИЕ

Современный мир развивается динамично, и вызовы требуют максимальной оперативности и высокой результативности на системном уровне, включая функционирование системы образования. Особое место занимает непрерывное образование. «В профессиональном педагогическом образовании проблеме непрерывности отводится особая роль,

поскольку в нем предвосхищается новая методология и обновление процессов в образовании всех уровней: школьном, профессиональном, дополнительном, постдипломном и др.» [1]

Наряду с повышением статуса педагогов находится строгость отбора кадров для преподавательской деятельности. Поэтому ранняя профессиональная ориентация на учительскую профессию

является ключевым направлением системы профориентационной работы школ.

Выбор профессии учителя в наши дни не может быть стихийным процессом, и сознательность этого выбора всегда должна чем-то мотивироваться. Только мотивированная деятельность является источником активного, творческого отношения к выполняемой работе и дает желание и силы бороться с трудностями в профессиональном плане. В мотивах человека проявляется целеустремленность, жизненная перспектива его развития в профессии. И эта перспектива строится так, чтобы возможности обучающегося, выбирающего профессию учителя, соотносились как с его личными потребностями и интересами, так и с компетенциями профпригодности.

Процессы раннего профессионального самоопределения подростков в педагогической профессии опираются на умение выстраивать маршрут профессионального развития будущего учителя при умелом сопровождении педагогов в специально созданной внутришкольной системе.

Формирование этого умения соотносится с парадигмой обучения на протяжении всей жизни. Умения самообучения и саморазвития, сформированные у обучающихся в школе, переходят в навыки профессионального развития взрослого. Данные умения формируются через систему, которая в представленном опыте имеет трехступенчатый формат.

МЕТОДОЛОГИЯ

В работе по профориентации основное место занимает изучение мотивов выбора профессии. Ведь мотивация - это неотъемлемая часть педагогической деятельности. На современном этапе общественного развития проблемы мо-

тивации привлекают к себе огромное внимание всех специалистов.

Под понятием «мотивация» рассматривается система глубоких мотивов, интересов, являющихся основой содержания, направленности, поведения и характера деятельности личности, что является немаловажным фактором при выборе профессии педагога.

Наиболее основательно проблема мотивации к педагогической деятельности исследовалась учеными И.А. Зимней, Н.В. Кузьминой и В.А. Слостениным. Авторами рассматривается мотивация к профессии «Педагог» как педагогическая направленность личности, которая проявляется в интересе к педагогической профессии. Ее важнейшими признаками, по мнению исследователей, являются склонность человека к педагогической деятельности, осознание ими своих способностей и характера как соответствующих данной профессии [2]. Профессиональная направленность рассматривается как фактор, определяющий успешность обучения и удовлетворенность выбором педагогической профессии [3]

Современная школа при переходе на новую парадигму образования ориентируется сегодня на становление и личностное развитие школьника как на человека, способного к самоопределению и продуктивной творческой деятельности. Возможности определения ранних профессиональных предпочтений обучающихся заложены в той воспитательной среде, которую создает организация образования, заботясь о развитии и саморазвитии своих выпускников. Многие исследователи обращают внимание на то, что значимость ранней профессиональной подготовки не уступает вузовской. Оба этих периода в равной степени важны для формирования и самоопределения личности будущего педагога в становлении его профессио-

нальной культуры.

При выполнении социального заказа общества имеется необходимость разработать научно обоснованную стратегию деятельности педагогического коллектива по предоставлению услуг в решении профессиональных потребностей. Речь идет не просто о разработке и внедрении в педагогический процесс адекватных организационных форм, технологических ритмов и методов работы в системе профориентационной работы, но и о создании таких алгоритмов профессиональной деятельности педагогов, которые позволили бы каждому обучающемуся становиться творческой, саморазвивающейся личностью, обладающей системным взглядом на реальность будущей профессии.

Проблема формирования и развития мотивации на получение педагогической профессии в условиях школы – это очень сложный и длительный процесс, и, если эта работа организована не интересно, не подкреплена эмоциями и переживаниями, впечатлениями и положительной оценкой со стороны окружающих, ни, а какой результативности не может быть и речи. [4]

РЕЗУЛЬТАТЫ

Оттого, насколько осознанно выпускники школ выбирают педагогические колледжи, и ВУЗы, зависит не только успех реализации всех тех инноваций и изменений, которые претерпевает школа сегодня, но и успех учебно-воспитательного процесса в целом.

В рамках проекта «Педагог в непрерывном образовании» на базе общеобразовательных школ Костанайской области сформированы педагогические классы и педагогические отряды.

Современные педагогические классы и отряды – это инновационное направление в педагогической практике, которое ориентировано на подготовку

обучающихся к выбору педагогической профессии и нацеливает их на дальнейшее обучение в организациях педагогической направленности.

Главным результатом такой профориентационной деятельности педагогической направленности является модель, в которой выполняются заложенные стратегические принципы и приоритеты. Модель является программой поэтапного введения в профессию, создает в условиях школы среду, позволяющую будущим выпускникам на практике осознать и переосмыслить социальную значимость роли учителя, повышает интерес к преподаванию, превышает интерес ко многим более высокооплачиваемым специальностям. Интерес – движущий стимул не только к обучению на уроках, но и главный стимул к приобщениям к педагогической профессии. Ведь благодаря интересу у обучающихся развивается воображение, восприятие, усиливается внимание, сосредоточенность при погружении в мир педагогической профессии. В процессе формирования личности ученика, ориентированного на педагогическую профессию, наряду с теоретическими знаниями члены педагогического отряда и классов приобретают огромный практический опыт, способствующий формированию лидерских качеств, умению брать на себя ответственность, творчески подходить к решению обозначенной проблемы.

Сопровождение обучающихся в рамках педагогической деятельности осуществляется по определенным этапам: диагностический, мотивационный, этап целеполагания, проектировочный, реализационный, аналитический, каждый из которых предполагает определенные способы взаимодействия между наставником и наставляемым.

Интегрированная модель такого сопровождения профессионального са-

моопределения фиксирует способы сопровождения.

Продуктивным представляется комплексное использование вариантов деятельности, которые отличаются по способу сопровождения индивидуального образовательного маршрута, ориентированного на формирование готовности к профессиональному самоопределению. В сопровождение входят следующие блоки: 1) целевой (обеспечивающий формирование готовности обучающегося к профессиональному самоопределению); 2) содержательный (предполагает вариативность деятельности наставнической, диспетчерской, событийной, консалтинговой); 3) организационный (определяет условия эффективности сопровождения профессионального самоопределения); 4) процессуальный (осуществление сопровождения и средства педагогического взаимодействия); 5) оценочно-результативный (предполагает разработку мониторингов интересов, склонностей, мотивов готовности к профессиональному самоопределению).

Реализация модели становления будущего педагога через деятельность таких форм является основой для создания устойчивой внутренней мотивации к получению педагогической специальности у выпускников, которые имеют склонность к педагогической деятельности, и отражает путь вовлечения обучающихся в формирование образовательной политики школы, поэтому находится в тесном взаимодействии с педагогическим коллективом школы.

У будущих выпускников педагогических формирований (и их родителей) создается реальное представление о педагогической деятельности и соотношении с ней своих способностей. Путь становления на последнем этапе реализации модели позволяет обучающимся перейти на новый уровень своих потен-

циальных возможностей - развитие самоактуализирующейся личности. У них вырабатывается потребность высшего порядка, подразумевающая наличие свободы выбора собственного пути саморазвития и ответственность за данный выбор при организации коллективных творческих дел.

Реализация такой деятельности эффективна, если продвижение ученика по маршруту профессионального становления реализуется согласно принципам:

- принцип «выращивания» и непрерывности (создание условий, для постепенного расширения сознания, поэтапного развития личности члена педагогического отряда);
- принцип саморазвития (создание условий для появления у учеников установки на осознание ценности и значимости развития педагогических умений и навыков);
- принцип рефлексивности (проведение анализа и коррекции деятельности, способов мышления учащихся на разных этапах их развития);
- принцип доброжелательности (опора на индивидуальность, уникальность и особенность личности ученика);
- принцип самоопределения (осознание себя, как уникальной и особенной личности, осознание своих возможностей в достижении ситуации успеха в движении по маршруту своего профессионального становления);
- принцип психологической поддержки (помощь и тьюторское сопровождение в определении личностных качеств ученика).

Маршрут профессионального саморазвития обучающихся, ориентированных на педагогические специальности, фиксируется ответами на вопросы: Чего я хочу? Как я смогу этого достичь? Как я смогу себе помочь? Как я узнаю, что я этого достиг? И как итог результаты

деятельности на протяжении периода обучения.

Ценность такой деятельности определена тем, что впервые в процессе формирования педагогической профессиональной направленности обучающихся, начиная со среднего звена, идет сопровождение ученика, ориентированного на педагогическую профессию на протяжении всего периода его обучения. Система «школа-педагогическое учебное заведение - школа» действенна, экспериментально доказана в условиях школы.

Целевые ориентиры заключены в подготовке наиболее активных обучающихся к работе с детьми и подростками во внеурочное время, в приобретении практических умений и навыков в работе с детьми и подростками.

Работа по формированию педагогических навыков – это серьезная многолетняя работа по профессиональной ориентации школьников на педагогическую специальность, которая проходит в несколько этапов.

Результатом данной работы является поддержка интереса, отбор потенциальных кандидатов в учительскую профессию, создание условий для безболезненного поступления в педагогические заведения и адаптации в учительской профессии через предоставление площадок для прохождения педагогической практики студентам этих заведений.

Любое направление профессиональной деятельности требует практических навыков и умений независимо от специальности. Процесс их формирования осуществляется в основном в рамках учебного процесса: практические занятия по дисциплинам учебных циклов, производственные практики по итогам учебного года и т.п. Существует практика формирования компетенций ребят в рамках педагогического отряда

и педагогических классов.

Несмотря на широкий спектр специальностей участников, можно выделить ряд профессиональных компетенций, которые являются общими, вне зависимости от профиля профессиональной подготовки. Навыки организационно-управленческой деятельности (разработка и принятие решений, командообразование, выработка стиля управления, аналитические навыки работы в рамках организационных структур), социально-проектные навыки работы (разработка социальных проектов, работа по решению проблемы в конкретном случае трудной жизненной ситуации), коммуникативные навыки работы (общение с людьми, стрессоустойчивость) и вспомогательно-технологические (ведение делопроизводства и документооборота) – это те элементарные требования рынка труда, которые являются универсальными в любое время.

Из перечисленных выше компетенций, которые могут быть отнесены к личностным, видно, что они отражают такие умения, качества и способности, которые в той или иной степени необходимы для любой успешной деятельности. Чаще всего именно такие компетенции ложатся в основу моделей профессиональных компетенций, то есть признаются необходимыми при выходе на рынок труда.

Получение дополнительной специальности, даже не связанной с основным образованием, повышает гарантии трудоустройства, а, следовательно, укрепляет психологическую установку собственной успешности в настоящем и в будущем.

По результатам опроса респондентов, который проводился среди обучающихся 7-11 классов «Мотивы участия в деятельности педагогического отряда и класса», выявлено, что 45% обучающихся испытывают потребность участия

в разнообразной культурной деятельности социума. Следующие показатели – это потребность в общении, что составляет 25%, в приобретении новых знаний – 17%. В проявлении организаторских способностей интерес проявили 13%. Большинство из них определили важность социально значимой общественной деятельности и связывают это с профессиональным и личностным ростом.

Наряду с теоретической подготовкой особенно важными для формирования общекультурных компетенций являются прикладные умения будущих педагогов. Как следствие, в рамках программы был разработан модуль «Социально-воспитательные технологии в работе с детьми», реализация которого нацелена на формирование практических умений и навыков школьников для работы с детской общностью. Содержание модуля обеспечило освоение технологий социального проектирования, технологии стажировочных площадок, фандрайзинга, «мозгового штурма», методики проведения социально-психологического тренинга и коллективно творческого дела (КТД), а также обучение разработке игр, сценариев, воспитательных дел, благотворительных акций. Будущие педагоги изучают технологию общественной деятельности – волонтерство. Вовлечение в добровольческую деятельность подростков требует особых умений, которыми должен обладать педагог, работающий с ними.

В процессе обучения значительное внимание уделяется практической деятельности. На практических занятиях изучают социальное проектирование как вид деятельности, результатом которого стало создание реальных социальных продуктов, имеющего для участников процесса практическое значение. Происходит плавное, поэтапное вовлечение обучающихся в педагогическую

деятельность конструирования урока и занятия.

Реализация программ осуществляется при помощи активных методов обучения: круглого стола, кейс-стади, проблемного обучения, метода проектов, профессионального портфолио и других.

Проведение постоянного анализа маршрута саморазвития и мониторинга успешности каждого участника такой педагогической деятельности позволило выявить умения, наиболее успешно формируемые в данной деятельности. Высокие оценки получили умения конструктивно общаться со сверстниками (83%), учитывать настроение детей при организации воспитательного дела (73%), оказывать поддержку в случаях неуспеха (64 %), создавать доброжелательную атмосферу для реализации интересов и потребностей обучающихся (51 %); разрешать конфликты оптимальным способом (51 %); насыщать общение с обучающимися положительными эмоциями и чувствами (60 %). Все эти умения свидетельствуют об эффективном формировании компетенций, связанных с межличностным взаимодействием.

Проблемный анализ потенциала педагогического отряда и педагогических классов позволил определить сильные стороны:

- имидж педагогического отряда как структурного звена школы, дающего высокое качество педагогических знаний и умений для поступления в педагогические колледжи ВУЗы;
- мотивированность членов педагогического отряда на образование повышенного уровня и высокого качества;
- творческий потенциал обучающихся, ориентированных на получение педагогических профессий;
- высокий процент согласованности действий с родителями и опыт их вов-

лечения в сопровождение при ориентации обучающихся на получение педагогической специальности.

- сложившаяся система работы с детьми, ориентированными на получение педагогической профессии;

- в школе созданы площадки для прохождения педагогической практики студентов педагогических колледжей и ВУЗов из числа выпускников школы;

- в школе имеется команда единомышленников, обладающих должной профессиональной подготовкой для сопровождения;

- высокая степень социальной адаптации выпускников педагогического отряда и педагогических классов, независимо от того, какую профессию они выбирают.

- высокий процент выпускников, принявших решение после окончания школы поступить в педагогические заведения.

Все это доказывает результативность деятельности таких формирований как педагогический отряд и класс для подготовки будущих педагогов.

ВЫВОД

Организация профориентационной работы среди учащихся, направленной

на формирование устойчивого интереса к педагогической профессии, развитие основных умений и навыков, необходимых для педагогической деятельности в рамках педагогической деятельности на базе школы позволяет не только готовить будущего педагога к его деятельности, но и позволяет решить кадровую проблему самой школы.

Систематическая работа с детьми по развитию профессиональных компетенций будущего педагога позволяет решить вопросы профессионального совершенства будущего учителя, организации самой профориентационной работы, социальной адаптации обучающихся и формирования социально-значимых качеств личности школьника, становления его гражданской позиции при формировании первичных навыков профессиональной мобильности и пригодности.

Положительным аспектом в реализации данной деятельности является то, что уже с раннего возраста ребенок приобщается к педагогической деятельности на практике. Большинство из них уже твердо знают, что в будущем они станут педагогами с востребованной специальностью.

СПИСОК ИСПОЛЬЗУЕМОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1 *Набатникова Т.И., Чекалева Н.В. Преемственность в системе непрерывного педагогического образования как принцип развития исследовательской деятельности учителя // Современная высшая школа: инновационный аспект. 2012. - № 4. - С. 158-160.*

2 *Профессия - учитель : учеб. пособие для проф. и профес. ориентации учащихся 9-11 классов образоват. учреждений общего сред. образования. / [Роботова А. С. и др.] ; под ред. А. С. Роботовой. - М. : Academia, 2005.- 368 с.*

3 *Чистякова С. Профессиональная ориентация школьников на этапе перехода к профильному обучению / С. Чистякова, Н. Родичев // Народное образование. - 2006. - № 9. - С. 152-156.*

4 *Пономарева А.В. Развитие социальной успешности молодежи в социально-культурной деятельности студенческого педагогического отряда : диссертация ... кандидата педагогических наук / А.В. Пономарёва. - Челябинск, 2010. - 207 с.*

Т.А. ЛЕВАНОВА¹, Т.И. НАБАТНИКОВА²

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУ ЫНТАСЫН ДАМЫТУ

¹Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Тоғызқал жалпы білім беретін мектебі» КММ

²Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру әдістемелік кабинеті

Т.А. LEVANOVA¹, Т.І. NABATNIKOVA²

DEVELOPMENT OF STUDENTS' MOTIVATION TO CHOOSE A PEDAGOGICAL PROFESSION

¹KSM «Toguzak comprehensive school of Karabalyk district's department of education» the Akimat's Education Department in Kostanay region

²Methodical office of preschool and compulsory secondary education of the akimat's education department in Kostanay region

Аңдатпа. Мақалада білім алушылардың педагогикалық мамандықтарға кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері және ерте профилдеу жағдайында педагогикалық қолдау кезінде жеке өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру шеңберіндегі дәйекті білім ретінде болашақ мұғалімді даярлау процесі қарастырылады. Жеке қажеттіліктері мен мүдделеріне байланысты саналы түрде мұғалім мамандығын таңдауға ықпал ететін студенттерді мотивациялық таңдауды қалыптастыру қажеттілігіне негіздеме беріледі. Білім беру ұйымының бейіндік және бейіналды дайындық сатысындағы міндеттері дамудың маңызды буыны ретінде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесін сүйемелдеуді қамтамасыз етуде, мамандықта алғашқы сынамаларды жүзеге асыруға көмектесетін кәсіби және өмірлік жағдайларға қатынастарды түзетуде ашылады. Болашақ мұғалімдердің қалыптасуын қолдаудың осындай кешенді тәсілімен орта мектеп оқушыларының ерте кәсіби өзін-өзі анықтау жүйесінің жаңалығы және оның жалпы орта білім беру жүйесі үшін педагогикалық құндылығы көрінеді. Жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесі мысалында тьюторлық сүйемелдеу кезінде педагогикалық сынып пен педагогикалық отрядтың қызметі көрсетілген. Мақалада оқытудың жалпы педагогикалық, ақпараттық, психологиялық және ұйымдастырушылық мәселелері аясында педагог-тьюторлар жүзеге асыратын білім алушыларды бейіндік даярлау кезінде осындай сүйемелдеудің маңыздылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: кәсіптік өзін-өзі анықтау, педагог мамандығын таңдауға ынталандыру, бейіндік және бейіналды даярлық, педагогикалық бейіндеу сыныптары, білім алушыларды педагогикалық қолдау және сүйемелдеу.

Abstract. This article examines the issues of professional self-determination of students at pedagogical faculties and the process of training a future teacher with pedagogical support for early profiling. It depends on student's motivational choice, which facilitates choosing the profession of a teacher consciously in relation to personal needs and interests.

The tasks of organizing education at the stage of profile and pre-profile training are revealed in providing support for the process of student's professional self-determination, as an important link in development. With such an integrated approach to support the formation of future teachers, the novelty of the system of early professional self-determination of high school students and its pedagogical value for the system of secondary education are manifested.

The model of compulsory educational school experience demonstrates the activity of the pedagogical class and the pedagogical detachment with tutor's support. The article indicates the importance of such support in the profile training of students, which is carried out by teachers – tutors.

Key words: professional self-determination, motivation for choosing a teacher's profession, profile and pre-profile training, classes of pedagogical profiling, pedagogical support.

ГРНТИ 15.41.21

Д.Б. КУЩАНОВА¹, Б.С. АХМЕТОВА²¹Евразийский Национальный Университет им.Л.Н.Гумилева

г. Нур-Султан, Казахстан, e-mail: diana.kgpi@mail.ru

²Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина,

г. Нур-Султан, Казахстан, e-mail: akhmetovabotagoz@mail.ru

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ ОБУЧАЮЩИХСЯ ШКОЛ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье исследован эмоциональный интеллект обучающихся 8,9,10,11 классов школ г.Нур-Султан по следующим шкалам: эмоциональная осведомленность, управление своими эмоциями, самомотивация, эмпатия, распознавание эмоций других людей. Показан низкий уровень эмоционального интеллекта 8, 9, 11 классов и нижний предел среднего уровня у обучающихся 10 классов. По шкале «Эмоциональная осведомленность» обучающиеся 8, 10, 11 классов продемонстрировали средний уровень, 9 класса – низкий; по шкале «Управление своими эмоциями» все обучающиеся показали низкий уровень; по шкале «Самомотивация» – низкий уровень у обучающихся 9,10,11 классов и средний – у обучающихся 8 класса; по шкале «Эмпатия» – низкий у обучающихся 9,11 классов и средний у обучающихся 8 и 11 классов; по шкале «Распознавание эмоций других людей» низкий у обучающихся 8, 9, 11 классов и средний у обучающихся 10 класса.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, эмоциональная осведомленность, управление своими эмоциями, самомотивация, эмпатия, обучающиеся, среднее образование.

ВВЕДЕНИЕ

Наш стремительный век с его растущими вызовами глобализации и тенденциями развития современной цивилизации оказывает непомерное давление на эмоциональное состояние людей, о чем свидетельствуют рост психоэмоциональных нарушений, обострение всевозможных аутодеструктивных проявлений во всем мире. В этих условиях возникает острая необходимость в развитии способности управления эмоциями у людей.

Трудно представить себе сторону жизни, не связанную с нашими чувствами и эмоциями. Они влияют на здоровье, учебу, личную жизнь, успех в работе. Термин «эмоциональный»

также привлекателен тем, что эмоции являются неотъемлемой частью психосоциального функционирования, мотивации, благополучия и удовлетворенности жизнью. Эмоции составляют ткань отношений и в той или иной степени встроены во все межличностные взаимодействия. Наш карьерный рост предполагает личный самоанализ и сложные процессы принятия решений. Разумное использование эмоций важно при выборе карьеры. Таким образом, привлекательность эмоционального интеллекта проистекает из его неотъемлемой связи с адаптацией и оптимальным социальным функционированием.

За распознавание своих и чужих чувств и управление ими отвечает эмоциональный интеллект (EQ): «Эмоциональный интеллект включает способность точно воспринимать, оценивать и выражать эмоции; способность получать доступ и / или генерировать чувства, когда они способствуют мысли; способность понимать эмоции и эмоциональные знания; и способность регулировать эмоции, чтобы способствовать эмоциональному и интеллектуальному росту» [1]. Эмоциональный интеллект (EQ) обуславливает не только рост понимания эмоций, но и развитие мышления.

Уже с самого рождения ребенок проявляет эмоции и чувства, которые становятся определяющими в его развитии. Эмоциональный интеллект формируется в течение жизни, и каждый этап его развития важен для роста конкурентоспособности и психологической жизнестойкости личности.

Развитие эмоционального интеллекта у обучающихся школ увеличивает их гибкость, настойчивость, терпимость к разочарованию, контроль над импульсами и оптимизм. В той степени, в которой эмоциональные факторы влияют на самоэффективность и мотивацию к достижениям, эмоциональный интеллект важен для академической успеваемости. Удовлетворенность учебной деятельностью частично зависит от самосознания, которое является основой развития эмоционального интеллекта.

Эмоциональный интеллект можно концептуализировать как набор способностей или как набор личностных качеств [2]. Черты характера, как правило, являются относительно стабильными структурами личности, тогда как способности связаны с текущими психологическими процессами, которые

открыты для модификации посредством обучения.

ЦЕЛЬ И ЗАДАЧИ ИССЛЕДОВАНИЯ

Цель: изучение уровня сформированности эмоционального интеллекта у обучающихся казахстанских общеобразовательных средних школ.

Задачи:

- 1) изучить уровень сформированности эмоциональной осведомленности у обучающихся;
- 2) изучить уровень сформированности навыка управления своими эмоциями – у обучающихся;
- 3) изучить уровень сформированности самомотивации у обучающихся;
- 4) изучить уровень сформированности эмпатии у обучающихся;
- 5) изучить уровень сформированности навыка распознавания эмоций других людей.

МЕТОДОЛОГИЯ

Психологи выделяют пять компонентов эмоционального интеллекта [3]:

- 1) эмоциональная осведомленность - это осознание и понимание своих эмоций, анализ своих чувств и реакций.
- 2) управление своими эмоциями - способность контролировать свои эмоции, выражать или сдерживать их в соответствии с ситуацией (эмоциональная отходчивость, эмоциональная неригидность).
- 3) самомотивация - осознание своего желания, умение приложить усилия для достижения цели. Мотивированным людям проще делать выбор, составлять приоритеты и предпринимать действия.
- 4) эмпатия – понимание чужих эмоций, способность сопереживать и общаться с учетом состояния собеседника. Этот навык помогает создать до-

верительные отношения с любым человеком.

5) распознавание эмоций других людей (скорее – умение воздействовать на эмоциональное состояние других людей).

Диагностика эмоционального интеллекта проводилась посредством анкетирования обучающихся по методике Н.Холл [3]. Выборку респондентов составили 212 обучающихся 8-11-х классов общеобразовательных средних школ г.Нур-Султан, из них: 117 - обучающиеся 8-х классов, 15 – обучающиеся 9-х классов, 15 – обучающиеся 10-х классов, 65 - обучающиеся 11-х классов.

РЕЗУЛЬТАТЫ

Результаты диагностики эмоционального интеллекта у обучающихся общеобразовательных средних школ г.Нур-Султан представлены на рис. 1-5.

В целом обучающиеся продемонстрировали средний уровень парциального эмоционального интеллекта по шкале «Эмоциональная осведомленность», за исключением обучающихся 9 класса, у которых этот показатель ниже среднего: меньше 8 (рис.1). При этом у обучающихся 9 класса самый низкий уровень этого показателя из всех испытуемых (7,86), 10-го класса – самый высокий, обучающиеся 8-х и 11-х классов занимают промежуточное положение.

Эмоциональная осведомленность




Рисунок 1. Уровень компонента «Эмоциональная осведомленность» эмоционального интеллекта у обучающихся школ г. Нур-Султан

Управление своими эмоциями




Рисунок 2. Уровень компонента «Управление своими эмоциями» эмоционального интеллекта у обучающихся школ г. Нур-Султан

По компоненту «Управление своими эмоциями» респонденты оказались на низком уровне: показатель ниже 8

(рис.2), при этом обучающиеся 9 классов продемонстрировали очень низкий уровень данного показателя.

Самомотивация




Рисунок 3. Уровень компонента «Самомотивация» эмоционального интеллекта у обучающихся школ г. Нур-Султан

По компоненту «Самомотивация» эмоционального интеллекта уровень ниже среднего (меньше 8) – у обуча-

ющихся 9, 10, 11 классов, и средний (выше 8 но меньше 13) – у обучающихся 8 класса (рис. 3).

Эмпатия




Рисунок 4. Уровень компонента «Эмпатия» эмоционального интеллекта у обучающихся школ г. Нур-Султан

По компоненту «Эмпатия» эмоционального интеллекта уровень ниже среднего (меньше 8) - у обучающихся

9, 11 классов, и средний (от 8 до 13) - у обучающихся 8 и 10 классов (рис. 4).

Распознавание эмоций других людей




Рисунок 5. Уровень компонента «Распознавание эмоций других людей» эмоционального интеллекта у обучающихся школ г. Нур-Султан

По компоненту «Распознавание эмоций других людей» эмоционального интеллекта уровень ниже среднего - у обучающихся 8, 9, 11 классов, и средний – у 10 класса (рис.5).

Эмоциональная осведомленность требует способности справляться со стрессом по мере его возникновения. Способность быстро снимать стресс позволяет безопасно справляться с сильными эмоциями, дает уверенность в том, что человек может сохранять спокойствие и контроль даже в моменты серьезных стрессовых ситуаций.

Данные об уровне "Эмоциональной осведомленности" (рис. 1) свидетельствуют о том, что школьники в Казахстане недостаточно осведомлены о своих эмоциях, особенно девятиклассники, что в конечном итоге влияет на их способность справляться со стрессовыми ситуациями. В результате подростки демонстрируют низкий уровень компонента "Управление своими эмоциями" (рис. 2), особенно учащиеся 9 классов.

Самомотивация повышает шансы человека на успех в школе и профессиональной среде. И если он потерпит неудачу, он все равно продолжит свой путь к цели. Самомотивация – это побуждение себя к достижению целей в

направлении внутренней энергии в правильном направлении. Низкий уровень самомотивации учащихся 9,10,11 классов (рис. 3) свидетельствует об отсутствии у них желания и внутренних ресурсов для достижения своих целей.

Эмпатия – одна из предпосылок построения межличностных отношений в подростковом возрасте. Развитие эмпатии в подростковом возрасте важно, так как в этот период интенсивно развиваются моральные ценности, новые взгляды на жизнь и отношения с другими людьми, жизненные перспективы. Основными компонентами эмпатии являются эмоциональная отзывчивость и интуиция, но значительную роль играет рациональное восприятие другого человека [4]. Уровень эмпатии ниже среднего среди учащихся 9 и 11 классов (рис. 4), что означает, что обучающиеся не всегда способны выразить свое представление об эмоциональном состоянии другого человека или его точке зрения.

Эффективность общения определяется не только степенью понимания слов собеседника, но и умением правильно оценивать поведение участников общения, их мимику, жесты,

движения, позу, направление взгляда, т. е. понимать язык невербального общения. “Распознавание эмоций других людей” среди учащихся 8,9,11 классов школ Нур-Султана также находится на

низком уровне (рис. 5), что свидетельствует о недостаточной способности участников диалога контролировать себя и выстраивать доверительные отношения друг с другом.

Эмоциональный интеллект




Рисунок 6. Интегративный уровень эмоционального интеллекта у обучающихся школ г. Нур-Султан

Интегративный (т.е. суммарный) уровень эмоционального интеллекта оказался низким у обучающихся 8,9, 11 классов (меньше 39) и на нижнем пределе среднего уровня у обучающихся 10 классов (рис.6).

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Таким образом, обучающиеся школ г.Нур-Султан продемонстрировали в целом низкий уровень эмоционального интеллекта и отдельных его компонентов: эмоциональная осведомленность,

управление своими эмоциями, самомотивация, эмпатия, распознавание эмоций других людей. Следует отметить, что обучающиеся 9 класса продемонстрировали самый низкий уровень эмоционального интеллекта как по интегративному показателю, так и по отдельным компонентам.

Полученные данные свидетельствуют о необходимости внедрения в школах программ по развитию эмоционального интеллекта обучающихся.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Mayer & Salovey, 1997, стр. 10
2. Mayer, Salovey, & Caruso, 2000a
3. Н.П. Фетискин, В.В.Козлов, Г.М.Мануйлов. Социально- психологическая диагностика развития личности и малых групп. М. Изд-во Института Психотерапии. 2002
4. Кырова М. А., Кувалдина Е. А. Особенности эмпатии у современных подростков // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. – Т. 32. – С. 36–40. – URL: <http://e-koncept.ru/2015/95544.htm>.

КУЩАНОВА Д.Б.¹, АХМЕТОВА Б.С.²
**ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
 ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИСІ**

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
 Нұр-Сұлтан, Қазақстан, e-mail: diana.kgpi@mail.ru

²Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
 Нұр-Сұлтан, Қазақстан, e-mail: akhmetovabotagoz@mail.ru

Аңдапта. Мақалада Нұр-Сұлтан қаласындағы мектептердің 8,9,10,11 сынып оқушыларының эмоционалдық интеллектісі келесі шкалалар бойынша зерттеледі: эмоционалды сана, өз эмоцияларын басқару, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия, басқа адамдардың эмоцияларын тану. Эмоционалдық интеллектінің төмен деңгейі 8,9, 11 сынып және 10 сынып оқушыларының орташа деңгейінің төменгі шегі көрсетілген. «Эмоционалды сана» шкаласы бойынша 8, 10, 11 сынып оқушылары орташа деңгейді, 9 сынып төмен деңгейді көрсетті; «Өз эмоцияларын басқару» шкаласы бойынша барлық оқушылар төмен деңгей көрсетті; «Өзін-өзі ынталандыру» шкаласы бойынша – 9,10,11 сынып оқушылары арасында төмен деңгей және 8 сынып оқушылары арасында орташа деңгей; «Эмпатия» шкаласы бойынша – 9, 11 сынып оқушылары үшін төмен және 8 және 11 сынып оқушылары үшін орташа; «Басқа адамдардың эмоциясын тану» шкаласы бойынша 8,9,11 сынып оқушылары арасында төмен, 10 сынып оқушылары арасында орташа.

Түйін сөздер: эмоционалды интеллект, эмоционалды сана, эмоцияларды басқару, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия, студенттер, орта білім.

D. B. KUSHCHANOVA¹, B.S. AKHMETOVA²
**EMOTIONAL INTELLIGENCE OF SCHOOL STUDENTS
 OF KAZAKHSTAN**

¹Eurasian National University named after L.N. Gumilyov,
 Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: diana.kgpi@mail.ru

²National Academy of Education named after V.I. NS. Altynsarin,
 Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: akhmetovabotagoz@mail.ru

Abstract. The article investigates the emotional intelligence of 8,9,10,11-graders of schools in Nur-Sultan on the following scales: emotional awareness, managing their emotions, self-motivation, empathy, recognizing the emotions of other people. The low level of emotional intelligence among 8,9,11-graders and the lower limit of the average level of emotional intelligence among 10-graders was shown. On the scale of «Emotional awareness» 8, 10, 11-graders demonstrated an average level, grade 9 learners - a low level; on the scale «Managing their emotions» all learners showed a low level; on the scale «Self-motivation» - 9,10,11-graders showed a low level and 8-graders - an average level; on the «Empathy» scale - low level among 9, 11-graders and average among 8,11-graders; on the scale «Recognition of the emotions of other people» - low among 8,9,11-graders and average among 10-graders.

Key words: emotional intelligence, emotional awareness, managing emotions, self-motivation, empathy, learners, secondary education.

FTAMP 16.01.11

З.Ш. ЕРНАЗАРОВА

ф.ф.д., КИМЭП университетінің профессоры,

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: ezauresh@kimep.kz

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ
АКСИОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ**

Аңдатпа. Қазақ тілін оқытудың әдістемесінде антроповзектік қағидасы белсенді түрде қолданылуда. Бұл оқытудағы коммуникативті – когнитивті бағыттың басшылыққа алынуынан көрінеді. Алайда жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудағы аксиологиялық құндылықтарды меңгерту бағыты басымдыққа ие болмай отырғаны байқалады. Қазақ тілін орыс тілді мектептерде оқытуға арналған оқулықтарға жасалған талдау – оқыту мазмұнында тілдің коммуникативті қызметіне басымдық беріліп, ал оның әлемнің тілдік бейнесін жеткізуші қызметі, сонымен байланысты ұлттық дүниетаным құндылықтары жүйелі түрде қамтылмайтындығын көрсетті. Соның нәтижесінде мектеп бітірушілердің дүниетанымында ұлттық құндылықтар туралы ұғым түсініктер дұрыс бағытта қалыптаспай отыр деуге болады. Бұндай қорытындыны студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі анықтады. Оның басты себептері - аксиологиялық құндылықтар мазмұнының тілдік тұрғыдан толық анықталмауымен, меңгертудің нақты қағидалары мен әдістерінің зерттелмеуімен байланысты деп есептейміз.

Түйін сөздер: аксиологиялық құндылықтар, тірек концептілер, ассоциациялық сауалнама, оқулықтар мазмұнына сараптама жасау, құндылықты көзқарас.

КІРІСПЕ

Қазіргі білім берудің құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған мазмұнына сай тілдерді оқыту үдерісі білім алушының коммуникативтік, лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық құзырет түрлерін, сыни ойлау іскерлігін қалыптастыруды, сонымен қатар аксиологиялық құндылықтар жүйесін оқушының таным дүниесінің негізгі ұстанымдары ретінде бойына сіңіруді көздейді. Аталған мақсаттар ішінде дүниетаным құндылықтарын тілді оқыту барысында меңгерту мақсаты соңғы уақытта мемлекеттік деңгейде көтеріліп, бірнеше маңызды

құжаттарда аталды. Өйткені әлемнің тілдік бейнесі объективті шындықтың тілдегі өзгермеген көшірмесі емес. Адам танымы сыртқы әлемді белгілі бір бағалаушытық өлшемдердің сүзгісінен өткізеді. Ол - құндылықтар жүйесі. Әлемді танудың, бағалаудың өлшемдері әр ұлттың мәдениетімен, тарихымен тығыз байланысты қалыптасады. Бағалаушы құндылықтар жүйесі немесе аксиологиялық құндылықтар жүйесі тілде сақталады және тіл арқылы беріледі. Сондықтан ұлттық дүниетаным мәдениетін қалыптастыруда аксиологиялық құндылықтар жүйесін оқыту мазмұнына енгізу қазіргі ғаламдану

заманында өте маңызды және өзекті болып табылады. Бұл мақсат ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 89-қадамында мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу» туралы міндетінде көрсетілді [1]. Ал «мәңгілік ел» құндылықтар концептосферасының мазмұны ҚР Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік нұсқаулығында ашып түсіндіріледі. Бұл тұлғалық құндылықтар адамның өмірлік ұстанымдарын анықтайтын, мінез – құлқын тәрбиелейтін, көпұлттық қоғамда толеранттылықта өмір сүруге үйрететін 1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу сияқты құндылықтар болып белгіленді [2]. Бұл міндеттерді қазақ тілін оқытуда орындау үшін мына сұрақтарға жауап беру керек деп ойлаймыз: 1) мемлекеттік деңгейдегі құндылықтар қазақ халқының дүниетаным мәдениетіндегі қандай құндылықтармен сәйкес келеді?

2) ұлттық құндылықтар қазақ тілі оқулықтарында қандай мазмұнда қамтылған? 3) мектеп түлектері танымында ұлттық құндылықтар концептосферасының мазмұны қандай сипатта қалыптасып отыр?

Зерттеу мақсаты:

- қазақ тілін оқыту мазмұнында (8-сынып оқулығы негізінде) қамтылған құндылықтар жүйесін лингвомәдениеттану саласында ғылыми түрде зерттеліп мойындалған құндылықтар жүйесімен салыстырып, толықтығын, қамтылу деңгейін анықтау;

- қазақ тілін үйренушілер арасында анкеталық сауалнама жүргізіп, олардың танымындағы аксиологиялық құндылықтардың мазмұны туралы

ақпарат алу;

- аксиологиялық құндылықтардың концептосферасын құрып, оларды оқу бағдарламаларында қамтудың тиімді жолдары мен әдіс - тәсілдерін ұсыну

Зерттеу әдісі:

- аксиологиялық концептілердің қазақ тіл білімінде зерттелу бағыттары мен жетістіктері салыстырмалы түрде сараланады;

- аксиологиялық тірек концептілердің мазмұндық құрылымын анықтауда семантикалық талдау әдісі (пәндік, бағалауыштық, жеке, сезімдік) қолданылады; оқулықтарға сараптама жасауда тірек концептілерді меңгертудің сабақ мақсатында қамтылуы мен тілдік материалдардың берілуіне талдау жасалады;

- 1-курс студенттері арасында ұлттық құндылық түрлерін маңыздылығына қарай таңдау сауалнамасы жүргізіледі, басым концептілер жүйесі анықталады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Философия ғылымының аксиология саласы қоғамға тән құндылықтар жүйесін қарастырады. Құндылық дегеніміз белгілі бір ұлт өкілдері арасында қабылданған ортақ әлеуметтік-психологиялық ойлар мен көзқарастар болып табылады [3,49].

Тіл білімінде аксиологиялық құндылықтарды аксиологиялық лингвистика зерттейді. В.И.Карасик еңбектерінде аксиологиялық құндылықтар ұлттық танымда жинақталған ұлттың әлем туралы білім қоры – концепт ретінде қарастырылады [4]. Ж.А. Джембаеваның пікірінше, аксиологиялық концептілердің басты ерекшелігі – адамның ділдік әлемі мен мәдени әлемінің түйісінде пайда болуында [5,53-54]. Лингвомәдениеттанымның бір саласы

аксиологиялық лингвистика зерттеу объектісін «тіл - адам - құндылықтар – мәдениет» үштігінде қарастырады [6, 10].

Қазақ тіліндегі аксиологиялық құндылықтарды зерттеген З.Қ.Ахметжанова: «Аксиологиялық концептілер ұлттық ойлау ерекшелігін бейнелейтін концептілер жүйесін құрайды», - дейді [7, 82-83]. Басқаша айтқанда, аксиологиялық концептілер ұлттың өмір сүру ортасы, салты, дүниені тану ұстанымдарымен байланысты тілде жинақталған әлемді бағалаудың өлшемдері – құндылықтар жүйесі - болып табылады.

Аксиологиялық құндылықтар-адамға жақсы мен жаманды, керек пен керек еместі, маңызды және маңызды емес, жақын және алысты ажыратуға, бағалауға көмектесіп, әрекеттерін, қарым-қатынастарын реттеп отыратын білім қоры.

З.Қ. Ахметжанова қазақ лингвомәдениетаным саласында зерттелген ұлттық аксиологиялық концептілерді семантикалық жүйе ретінде бірнеше деңгейге бөледі: базалық деңгейді *тағдыр, тіл-сөз, намыс, қанағат* концептілері, *орта деңгейді атамекен, әйел, ұрпақ, дастарқан, қонақжайлылық* концептілері, ал төменгі деңгейді *домбыра, жылқы, қамшы, шаңырақ* концептілері З.Қ.Ахметжанова қазақ лингвомәдениетаным саласында зерттелген ұлттық аксиологиялық концептілерді семантикалық жүйе ретінде бірнеше деңгейге бөледі: базалық деңгейді *тағдыр, тіл-сөз, намыс, қанағат* концептілері, *орта деңгейді атамекен, әйел, ұрпақ, дастарқан, қонақжайлылық* құрайтынын айтады [7,130]. Аксиологиялық құндылықтардың деңгейлік бөлінуі ұлттың дүниетанымы үшін маңызға

ие функционалды белгілеріне қарай ажыратылады. Яғни құндылықтар ұлттың өмір сүруінде алатын орны мен қызметіне қарай ажыратылады.

Қазақ лингвомәдениетанымында аксиологиялық концептілердің мазмұнын құраушы компоненттерді анықтау мәселесі де өзекті болып табылады. Өйткені аксиологиялық лингвистикада құндылықтардың негізінде жатқан мәдени кодтарды анықтау жолдары толық қалыптасып болған жоқ. Ұлттық мәдени кодтар - ұлттық ойлаудың модельдерін құрайтын тіректер. Н.Уәли тілдегі ұлттық –мәдени кодты ашу үшін халықтың дүниетанымында қалыптасқан аксиологиялық мәнге ие тілдік бірліктердің ассоциативті семантикалық өрісін анықтаудың маңызын атайды. Аксиологиялық бірліктер туралы ғалым «кейбір сөздердің бойында екі таңба қатар көрініс беретін кездері болады, олар тілдік таңба және мәдени таңба. Осы екі таңбаның түпкі мәндері тоғыса келіп, лингвомәдени таңба ретінде бір ұғымның аясына бірігіп, санада бір ғана бірлік күйінде сақталады» дейді [8]. Олар ұлттық ойлаудың тірек-белгісі ретінде бағалаушылық қызмет атқарады. Аксиологиялық бірліктерді қалай анықтауға болады деген сұраққа ғалым олардың халықтың жүріс-тұрыс, ортада өзін ұстауымен байланысты қалыптасқан ережелермен, ырымдар мен тыйымдармен байланысты қолданылатынын атайды. Н.Уәли оларды этнотаңбалар деп атай отырып, іштей индексті этнотаңба және иконды елтаңба деп бөледі.

Қазақ тіл біліміне ұлттық дүниетанымдағы аксиологиялық құндылықтар жүйесін екі бағытта қарастыру қалыптасқан:

1) бірінші бағыт бойынша зерттеу

жұмыстары ұлттық дүниетанымдағы аксиологиялық концептілерді ұлттың даму тарихында құндылық ретінде танылған ұғымдарды анықтау, оны концепті ретінде негіздеу үшін тілдік материалдарды тақырыптық-лексикалық тұрғыдан іріктеу, семантикалық талдау жасау, ассоциативтік сауалнама жүргізудің көмегімен санадағы моделін жобалау түрінде жүргізді. Нәтижесінде тірек концептілердің жүйесі анықталды, ұлттық дүниетаным концептосферасы жүйеленді [9,10,11,12,13,14,15];

2) екінші бағыт ұлттың өмір сүру салты мен дәстүрінде таңбалық сипатқа ие этнотаңбалар түрлерін (қамшы, тары, жылқы, шаңырақ) анықтауды мақсат етті. Этнотаңбалар ұлттық салт-дәстүрлермен – жүріп тұру ережелері, әдет-ғұрыптармен байланысты қолданылатын материалдық заттарды айқындады. Этнотаңбалардың тілдегі қолданыстарына (сөз тіркесі, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) талдау жасалып, аксиологиялық мағыналық компонентінің дамуы сипатталды [16,17].

Аксиологиялық құндылықтардың - концептілердің мазмұнын құраушы компоненттерді анықтау қазақ тілі оқулықтарын құрастыруда маңызды болып табылады. Бұл оқу материалдарын жүйелі беруге, оқушының таным әрекетіне сай тапсырма түрлерін құрастыруға негіз

болады.

Қорытындылай келгенде:

1) аксиологиялық құндылықтар ұлттың дүниетаным мәдениетін бейнелейтін білім қоры болып табылады;

2) аксиологиялық құндылықтарда бағалауыштық компонент басымдыққа ие. Бағалауыштық компоненттің мазмұнын ұлттық мәдени код анықтайды;

3) аксиологиялық құндылықтар ретінде ұлттың тарихында маңызға ие ұғым – түсініктер, қарым-қатынас, өмір сүру салтымен байланысты қалыптасқан ережелер жиынтығы мен этнотаңбалар қаралады;

4) аксиологиялық құндылықтарды сипаттаудың әдістері - синонимдер қатарын құрау, ассоциативті өрістерді құру, сөз тіркестерін құрастыру, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді анықтау.

Енді мақаланың кіріспесінде аталған мемлекеттік құжаттарда көрсетілген құндылықтар жүйесі мен қазақ тіліндегі аксиологиялық концептілер жүйесінің арақатынасын қарастырып көрейік. Біздің байқауымызша, мемлекеттік бағдарламаларда ұсынылған құндылықтар жүйесі универсалды, жалпыадамзатқа тән құндылықтардан тұрады. Ал қазақ тілін оқыту барысында олардың ұлттық көріністерін мына сәйкестікте ұсыну керек деп есептейміз.

№1-кесте

ҚР Білім министрлігі ұсынған құндылықтар	Аксиологиялық құндылықтар
1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;	Намыс, туған жер (Отан), шаңырақ
2) құрмет; 3) ынтымақтастық	Отбасы, ұрпақ, әйел
4) еңбек пен шығармашылық;	Қанағат
5) ашықтық, 6) өмір бойы білім алу	Қонақжайлылық, дастарқан

1. Қазақ лингвмәдениеттанымдық саласының қазіргі даму деңгейі тұрғысынан аксиологиялық тірек концептілердің оқулықтарда қамтылуына талдау жасалды. Біз зерттеу объектісі ретінде 2017-2018 оқу жылында республика бойынша орыс тілді мектептердің 8-сыныбында қолданылған (Артыкова Т. Ермекбаева Г. Қазақ тілі, 8- сынып, Атамұра, 2016 ж., 256 бет) Қазақ тілі оқулығын алдық. Сараптама барысында оқулық мазмұнында аксиологиялық құндылықтардың тақырыптық қамтылуы, олардың мазмұнының ашылуы, оқушылардың таным әрекетін дамытатын тапсырма түрлерінің берілуіне талдау жасалды. Концепт түрлері бойынша тілдік бірліктердің сөз, сөз тіркесі, мақал-мәтелдер, мәтіндер түрінде берілуі іріктелді. Талдау қорытындысы:

1) оқулықтың 2-тарауында аксиологиялық тірек концептілер ішінде отбасы, Отан, адам, салт-дәстүр концептілерімен байланысты тақырыптар мен материалдар беріледі. Отбасы тақырыбы бойынша аксиологиялық құндылықтың мазмұнын жеткізетін сөз, сөз тіркесі, мақал-мәтелдер жалпы тарау бойынша берілген сөздің 4 пайызын қамтиды. Олар: *ата-әже, туыс*

атаулары, сыйла, құрметте, қамқор, «Әкесі тұрып, ұл сөйлегеннен без, ...», ата-ана алдында бала парызы, тай өссе ат тынығады, ұл өссе, әке тынығады және т.б.

1) салт-дәстүр аксиологиялық құндылығы бойынша лексикалық бірліктер жалпы тарау бойынша берілген сөздің 3,3 пайызын құрайды. Бағалаушылық мәнге ие *әдептілік, сыпайылық, достық пейіл, ақжарқын, ізеттілік, имандылық, қос қолдап амандасу, алдын кеспеу, құрмет білдіру, өзгені сыйлау, үзілді-кесілді пікір айтпау және т.б.* тілдік бірліктер берілген.

3) адам концептісі бойынша жалпы берілген сөздің ішінде аксиологиялық құндылықты бейнелейтін тілдік бірліктер 0,5 пайызын (*саналылық, жауапкершілік, бостандық, қадір-қасиет, даралық, көзқарас, қоғам*) құрайды.

4) домбыра концептісі бойынша 2,6 пайызын (*жыр толғау, сүйемелдеу, күй тарту, мойын, шанақ, жан нұры, аңыз, тарих, халқы мәдениеті, шер тарқату*) қамтиды.

Ал *намыс, атамекен, қанағат* сияқты аксиологиялық концептілерді бейнелейтін тілдік бірліктер кездеспейді.

№2-кесте

	Отбасы	адам	домбыра	Салт-дәстүр
Сөз	11	6	13	8
Сөз тіркесі	17	-	11	13
Мақал-мәтел	16	-	5	15
барлығы	1089	1089	1089	1089

Аксиологиялық құндылықтарды ұсыну, меңгертуді мақсат ететін тапсырма түрлеріне жасалған талдау репродуктивті мазмұндағы жұмыс

түрлерінің басым екенін байқатты. Оқушының таным әрекетінің табиғи дамуын ескермейтін, қайталауды, есте сақтауды, мазмұндауды, мақсатсыз

сөйлем құрауды сұрайтын тапсырма меңгертудің нақты жүйелі әдісінің түрлері аксиологиялық құндылықтарды қалыптаспағандығын көрсетеді.

Тапсырма түрлері №3-кесте

Оқып, түсіну	2	Мақалдарды оқып, мазмұнын түсіндіру, есте сақтау	1
Сұрақтарға жауап беру	3	Мәтінді оқып, 3 деңгейлі тапсырманы орындау	4
Әңгімелеу	2	Тақырыпқа шығарма жазу	4
Түбір мен жұрнаққа ажырату	2	Мәнерлеп оқу, өлеңді жаттау	2
Мәтін бойынша мазмұндама жазу	2	Сөйлемдерді аяқтау, талдау жасау	3
Сөздерді қатыстырып, әңгіме жазу	1	Мәліметтерді оқып, есте сақтау	2
Тірек сызба бойынша әңгіме құрастыру	1	Диалог бойынша өзара сөйлесу, құрастыру	3
Сөздерді септеу	1	Диалог құрастыру	1
Сөздердің мағынасын түсіндіру	1	Өлеңді оқып, жаттау	1

Талдау қорытындысы оқулық мазмұнында (B-1деңгейі) ұлттық тірек құндылықтарды жеткізетін тақырып, тілдік материалдардың кең қамтылмағанын, отбасы, адам, салт-дәстүр концептілерінің мазмұнын ашатын бағалауыштық мәндегі тілдік бірліктердің жүйелі ұсынылмағандығын көрсетті.

2. Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде мектеп бітірушілерге аксиологиялық тірек концептілер қатары беріліп, олардың ішінен маңызды деп есептейтін 3 түрін белгілеу ұсынылды. Сауалнама орыс мектебі және қазақ мектебін бітірушілер арасында жүргізілді:

Тірек концептілер	Орыс мектебін бітірушілер (26)	Қазақ мектебін бітірушілер (22)
1) намыс	7 (26)	12 (58)
2) тағдыр	3 (11,5)	0
3) Туған жер	7 (26)	7,3(33)
4) отбасы	26 (100)	22(100)
5) ағайын	1 (3,8)	3,6 (16,6)
6) дастарқан	1 (3,8)	0 0
7) ұрпақ	4 (15,3)	7,3 (33,3)
8) шаңырақ	1 (3,8)	5,5 (25)
9) қонақжайлылық	0 (0)	1,8 (8,3)
10) байлық	4 (15,3)	3,6 (16,6)
11) қанағат	3 (11,5)	1,8 (8,3)

Сауалнама қорытындысы орыс мектебі мен қазақ мектебін бітірушілер арасында аксиологиялық тірек концептілер ретінде намыс, отбасы туған жер, ұрпақ концептілерінің басымдыққа ие екендігін көрсетті. Отбасы концептісінің екі топта да бірінші құндылық ретінде аталуы жалпы адамзатқа тән ортақ құндылықтарға жататындығынан деп есептейміз. З.К.Ахметжанова ұлттық менталитеттің табиғатын анықтайтын концептілерді дұрыс анықатудың өлшемдері ретінде В.И.Карасиктің параметрлік (пәндік компоненті бар) және параметрлік емес (пәндік компоненті жоқ) концептілерді ажыртау туралы пікірін басшылыққа ала отырып, параметрлік концептілердің өзін регулятивті (бағалауыштық компоненті бар) және регулятивті емес (бағалауыштық компоненті жоқ - синкретті) деп бөліп қарастырған жағдайда ғана ұлттық дүниетанымға тән мәдени концептілерді ажыратуға болатынын айтады [7,110]. Бұндай дифференциация ұлттық менталитетті қалыптастырушы концептілердің жүйесін айқын құрастыруға мүмкіндік береді. Әр концептінің мазмұнына құрылымдық талдау жасау арқылы ғана ұлттық танымда реттеуші қызметін атқаратын бағалау құралдарын айқындап, сол арқылы ұлттық ойлау ерекшеліктерін түсінуге болады. Сондықтан автор аксиологиялық құндылықтар қатарына жалпы адамзаттық құндылық ретінде отбасы концептісін алмайды. Алайда біздің отбасы, байлық концептісін енгізудегі мақсатымыз жастар танымындағы олардың орындарын анықтау болды. Байлық концептісі екі топта да басым түрде таңдалмайды. Өйткені байлық ұғымы қазақ халқының дүниетанымында концептуалды құрылым деңгейіне жетпеген. Тірек

концептілер ақпараттық мазмұны бай, иерархиялық құрылымға ие болуы керек[17]. Оны тілдік материалдар да дәлелдейді. Концептуалды иерархия теориясының негізінде «намыс» концептісінің құрылымына талдау жасайтын болсақ, оның жастар танымында мол ақпараттық мазмұнға ие екендігі байқауға болады. Намыс концептісінің құрылымын ақпараттың берілу сипатына қарай орталық, шеткі деңгейлерге ажыратуға болады. Яғни намыс концептісі аксиологиялық өріс құрады. Оның орталығында прототиптік мағынаға ие *ар – ұят* ұғымы тұрса, ал келесі деңгейлерін парызды орындау, міндетті өтеу ұғымдары толықтырады. Намыс сөзімен жүргізілген ассоциативті сауалнамада ар-намыс, ұят сөздері 50 % жауапта кездеседі.

Намыс концептісі адамды, оның ісін бағалау арқылы азамат/ азамат емес деген халықтық пікір туғызатын негізгі өлшем болып табылады.

Сауалнама қорытындысы намыс концептісінің екі топта да таңдалғанын көрсетті. Қазақ мектебін бітірушілер арасында бұл құндылық басымдыққа ие. Бұл қазақ мектептерінде қазақ әдебиеті сабақтарында оқылатын батырлар жыры, көркем шығармалардың да ықпалы болуы мүмкін. Алайда отбасы концептісімен салыстырғанда, намыс концептісі жастар танымында тірек, негізгі концепт ретінде басымдықта көріне алмай тұр. Өйткені намыс ұлттық тірек концепт ретінде барлық тіл иелерінің танымында концептуализацияланбайды. Намыс концептісі бағалаушы құндылық - білім ретінде мектеп бітірушілер танымында жаппай қалыптаспай отыр. Бұл туралы З.К.Ахметжанова да ескертеді. Намыс концептісінің мағыналық құрылымы ... еңбектерінде мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, мәтіндер

деңгейінде тілдік бай материалдармен сипатталады. Яғни қазақ тілінде намыс концептісі толық жүйелі құрылымы бар толыққанды концепт ретінде көрінбейді. Бұл тұжырымды сөз тіркесі деңгейінде жүргізілген екінші сауалнама қорытындысы да нақтылайды: намыс сөзімен тіркесетін сақтау етістігі ғана беріледі (100%).

З.К.Ахмтежанова аксиологиялық тірек концепті ретінде қанағат концептісін атайды. Алайда сауалнама қорытындысы аталған концептінің жетекші сипатқа ие еместігін көрсетті. Қанағат ұғымы туралы студенттердің танымында - *өмірде бар заттарды бағалау, бар затқа риза болу, шүкіршілік ету, көпті қаламау (50%), бақытты болу, сүйіспеншілікпен қарау* ассоциацияларын туғызады. Бұл жалпы адамзатық аксиологиялық құндылықтар қатарын құрайтын *махаббат және бақыт* концептілерінің концептуалды құрылымында қанағат сезімі ұғымының келуімен байланысты деп ойлаймыз. Ал қанағат концептісінің жастар танымында тірек концепт ретінде қалыптаспауы жалпы қоғамның қазіргі даму деңгейінде бұл ұғымның маңыздылыққа ие болмауы, керісінше, баю, алғы жылжу, көбейту деген құндылықтардың басымдығымен байланысты деп есептейміз.

Тірек концептілер ретінде аталған «тағдыр» концептісі қазақ мектебін бітірген студенттердің танымында басым көрінбейді. Ал орыс мектебін бітіргендер арасында аталған концептіні таңдағандар саны -18,7 %.

Сауалнама қорытындысы білім беру мазмұны оқушы танымында ұлттық дүниетаным мәдениеті туралы толыққанды түсінікті қалыптастырмай тынын көрсетіп отыр. Қолданыстағы оқулықтарда елтаным материалдары деген атаумен жекелеген материалдық

мәдениет үлгілерін қамтығанымен, оқушы танымында құндылықтар жүйесін сіңіретін тілдік материалдар, семантикалық талдаулар ұсынбайды. Соның нәтижесінде оқушы бойында ұлттық мәдениет пен тілге адамзат мәдениетінің бір бөлшегі ретінде қарау, айналасындағы шынайы өмірді ұлттық дүниетаным құндылықтары тұрғысынан бағалау дағдылары қалыптаспай отыр деп қорытынды жасауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілін оқыту мазмұнында аксиологиялық құндылықтар қалай берілуі керек?

Оқушының танымында әлем туралы көзқарастың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру үшін аксиологиялық концептілердің семантикалық құрылымын жеке-жеке беру керек пе, әлде тірек концептілердің өзара байланысын анықтап, концептосфералық – семантикалық жүйе ретінде ұсыну керек пе? А.Вежбицкая әр ұлттың менталитетін анықтайтын жалпылаушы мағыналық ерекшеліктердің болатынын айтады [17,]. Мысалы, неміс халқының дүниетанымындағы басты мағыналық ерекшелік өмірдің барлық саласындағы тәртіп түсінігінен [6], орыс халқы үшін тағдырға салу ұстанымынан [18], француз халқы үшін заңды қадағалау түсінігінен көрінеді.

Қазақ менталитетінің басы ерекшелігі «ұят болады», «кең болсаң – кем болмайсың», «сөз тас жармаса, бас жарады», «нар тәуекел» деген ұлттық дүниетаным құндылықтарын жинақтаушы тірек ұғымдардан көрінеді деп есептейміз.

1. Бар болу: негізгі тілдік көрінісі – «шүкір». *Туысы бар, дәулеті бар, үй-жайы бар, жұмысы бар, берері бар, айтары бар. Бар болу семантикасының градациялық*

жоғары деңгейі – молшылық сөзімен беріледі: дастарқаны мол, қолы мол, берері мол, жері мол, егіні мол, ағайыны мол. Көп түкірсе, көл болады.

2. Ұят болады: ардан, намыстан аттамау, өзінің парызы мен міндеттерін жоғары сезіну, адамдардың әрекетін «ұяты бар, ұят болды, ұяты бар екен» сөздері арқылы бағалау. Ұят болады ұғымы қаза халқын ата-баба ұстанған жодан аттау ұят болады» салт-дәстүрді ұстану үй көрсету, дастарханна дәм тату, төрден орын беру, аталар жолы, ұлы тұлғаларды дәріптеу, өткенді дәріптеу, пір тұту, бағалау. Салт-дәстүр отбасында, туыстар арасында, жақын адамдар арасындағы қарым-қатынаста көрінеді, белгілі бір топ ішінде іске асады. «Ұят болады» семантикалық өрісінің ең жоғары градациялық деңгейі намысты жібермеу, намыстан аттамау сөздері болып табылады.

3. Бейнелілік: оқиғаны не әрекетті әсерлі, бейнелі беру. Бейнені ассоциациялық байланыстар орнату арқылы көзге елестету, құрғақ логикалық байланыстан гөрі, адамның сезім дүниесіне әсер ете отырып, жеткізу қазақ ұлтына тән ойлау моделінің негізгі ереушелігі болып табылады.[3,15].

4. Маңдайға жазғаны: сәті түсіп, жолы болып, тағдырдың дегені, тағдырға не шара, бәрі тәңірдің қолында, жаман айтпай, жақсы жоқ, адамның дегені бола ма, алланың дегені

болады ма, жолы болады, жол болсын, жолы ауыр, бұйыртқан дәмді жейміз, бұйырғаны осы, бұйрық та деген сөз тіркестерінде әрекетті орындаушы адам емес, бір сырттан басқаратын тылсым күшке сілтеме жасау, оның не екенін атамау, алайда оның күшін мойындау, оған бой ұсыну бар.

Оқулық мазмұнында ұлттық менталитетке тән ерекше ойлау модельдерін жеткізетін тілдік материалдар қолданатын аясына қарай лексикалық тақырыптармен байланысты ұсынылуы керек. Тілдік материалды ұсыну тірек ұғымдармен байланысты ассоциациялық байланыстардың сөздердің тіркесі түрінде анықталып, келесіде сөз этимологиясын, оның тарихын анықтау, сөзбен байланысты халықтың таным-түсінігін баяндаумен жалғасады. Ал аксиологиялық құндылықты қалыптастырудың соңғы кезеңі олардың мәтіндер ішінде, сөйлеу жағдаятында, оқиғалармен байланысты қолданылуын келтіру, оқушыларға талдату, бағалау, пікірге шақыру, рөлдік ойындар ұйымдастыру түрінде жүргізуге болады.

Аксиологиялық концептілердің мазмұны туралы толық ақпарат алу үшін оның көрінетін барлық тілдік жағдаятын (сөз, сөз тіркесі, мақал-мәтелдер, мәтін) кешенді қарау маңызды. Сонда ғана ұлттық аксиологиялық құндылықтарды оқушы бойына сіңіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Президенттің 2017 жылғы 26 сәуірдегі Жолдауы. – Алматы: Егемен Қазақстан, 2017. – 2 -бет.
2. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 16- б.
3. Нысанбаев А.Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі. – Мир ценностей независимого Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 271 б.

4. Карасик В.И. Языковые ключи. – М.: Генезис, 2009. – 520 с.
5. Джамбаева Ж.А. Ключевые понятия лингвоконцептологии и средства репрезентации концептов. Вестник КГУ имен. Ч.Уалиханова, 2018, №4, стр. 52-57.
6. Бабаева Е.В. Лингвокультурологические характеристики русской и немецкой аксиологических картин мира: дис ... д-ра филол. наук. – Волгоград, 2004. – 438с.
7. Ахметжанова З.К. Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос, Алматы, Елтаным, 2016. – стр. 82-110.
8. Уәли Н. Тіл экологиясы // Ана тілі. – 2009. – 26 ақпан (№ 8). – 5 б. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. Дисс, авторефераты. – Алматы, 2007. – 3-б.
9. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, А., 2008. – 27 б.
10. Қошанова Ж. «Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2009. 27 б.
11. Сейдикенова А.С. Қазақ және француз тілдеріндегі «Өзім-өзге» концептілері (мәтіндер негізінде). Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2009. 29 б.
12. Шалбаева А.Ж. Жақсылық/ жамандық концептілерінің танымдық көрінісі (қазақ және орыс тілі материалдары бойынша). Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2010, 22 б.
13. Султангубиева А.С. Тілдік бейнедегі «жүрек» концептісінің көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын т.б.). Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2009.
14. Бияздықова Ә. Қазақ тіліндегі бақыт концептісінің танымдық сипаты мен қызметі. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2014
15. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, – А., 2002. 192 б.
16. Амирбекова А.Б. Аксиологиялық сөздік құрастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі.
17. Фронтава. Ю.Л. Аксиологический концепт сквозь таксономическую призму (на примере концепта судьба). Вестник 8(64)2008, стр.141-145.
18. А. Вежбицкая. Семантические универсалии «примитивное мышление» // Язык. Культура. Познание. – М. 1996. – С. 291-325.
19. Седых А.П., Феоктистова Е.Е. Ключевые национальные концепты во французской лингвокультуре. Вестник Иркутского государственного лингвистического университета. Серия. Языкознания, 2010. – стр. 55-61.

ЕРНАЗАРОВА З.Ш.

АКСИОЛОГИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

д.ф.н., профессор, Университет КИМЭП,

г. Алматы, Казахстан

e-mail: ezauresh@kimep.kz

Аннотация. В современной методике преподавания казахского языка активизируется антропоцентрически ориентированный подход к обучению языку. Как правило, в системе школьного филологического образования ведущей оказывается коммуникативная функция языка, однако она не единственная, а в аксиологическом аспекте не главная. Овладевая языком и в, частности, значением слов, носитель языка начинает видеть мир под углом зрения, подсказанным его родным языком, и сживается с концептуализацией мира, харак-

терной для соответствующей культуры. Однако анализ содержания учебников по казахскому языку показал, что национальные аксиологические концепты не всегда передаются в системном характере. Идея аксиологического подхода в преподавании казахского языка сегодня становится приоритетной, так как формирование у школьников ценностного взгляда на родной язык способствует становлению национального самосознания личности и предполагает обучение казахскому языку как национально-культурной ценности через осознание исторических взаимосвязей языка и культуры.

Ключевые слова: аксиологические концепты, анализ содержания учебников, ассоциативный опрос, ценностный взгляд.

YERNAZAROVA Z.Sh.

AXIOLOGICAL PRINCIPLES IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

Doctor of philological sciences, Professor,

KIMEP University, Kazakhstan

e-mail: ezauresh@kimep.kz

Abstract. *The anthropocentric approach becomes popular in modern teaching the Kazakh language. A communicative function of language is commonly accepted as an important one in the school education system. But it is not a leading one in the axiological aspect.*

However, the analysis of Kazakh language textbooks' content showed that national axiological concepts are not always transmitted on a systemic basis. The axiological approach in the Kazakh language teaching becomes a priority today because formation of learners's value via native language contributes to the individual's national identity formation.

Keywords: *axiological values, supporting concepts, association survey, analysis of the content of textbooks, value view.*

ГРНТИ 06.77.67

М.Р. БОГАТЫРЕВА¹, А.М. ЮМАГУЛОВ², П.П. РЯБУХИН³¹к.с.н., доцент кафедры социологии труда и экономики предпринимательства
^{2,3}магистрантыБашкирский государственный университет,
г.Уфа, Республика Башкортостан, РФ
e-mail:bmari78@mail.ru

К ВОПРОСУ О УПРАВЛЕНИИ ЧЕЛОВЕЧЕСКИМИ РЕСУРСАМИ В ОРГАНИЗАЦИИ

Аннотация. В данной статье рассмотрены особенности управления человеческими ресурсами. На сегодняшний день этот вопрос получил особую актуальность, поскольку все крупные отечественные организации зачастую используют устаревшие методы управления персоналом, а сами человеческие ресурсы рассматриваются не более чем инструмент для достижения поставленной цели предприятия. Авторами было актуализировано понятие «человеческий потенциал», в котором была выделена психологическая составляющая данного определения и рассмотрены особенности управления человеческим потенциалом на предприятии, в зависимости от влияния 4 групп внешних факторов.

Ключевые слова: Управление человеческими ресурсами, персонал, организация труда, ресурсы, стратегия организации

ВВЕДЕНИЕ

Вопрос эффективного управления человеческими ресурсами остается важнейшим вопросом для любой организации и образовательной в том числе [1].

- мақ етістіктің түбіріне қосылып, есім жасайтын құранды әрі өнімді жұрнақ: тізбек, батпақ, шақпақ сөздері – етістікке –бек, -пақ құранды жұрнақ қосылу арқылы жасалған есім сөздер.

- мақ қосылу арқылы жасалған сөздер құрал – аспап атын білдіреді:

-мақ қосылу арқылы жасалған сөздер киім атауларын, не белгілі бір заттың тобын, жиынтығын білдіреді:

Ауқат тағам аттарын білдіреді:

«-мақ, -мәк встречается, как пережиточный аффикс, в изолированных словах различного значения» [5,171].

Тутылмақ – тұтылу (айдың, күннің тұтылуы), көкремек – күркіреу (күннің күркіреуі), есмес – күн (жел соқпай тұрған уақыт, жел еспейтін кез), тамчық – тамшы (майда тамшы), үйүк – үйік, төбе (үйінді жер, төбешік), айры – айрық (таудың айрығы), йебүлдірек – жапырақ (ағаштың жапырағы), кечүт – судан кешіп өтетін жер (жаяу өткел), қышқач – шаян, сувлачан – суалшаң, йалдрым және сырча – әйнек, шыны (жарқ – жұрқ ететін, жарқырап тұратын нәрсе, зат), бол(л)уқ – бөлу, бар болу, жетісу, жетілу, баю, байлықтың мол болуы, молшылық, бузмақ – талау (талан-таражға салу, талап алу) [1].

Біз зерттейтін жазба жадыхаттарда жиі қолданылатын өнімді жұрнақтардың бірі -лық. «Хусрау уа Шырын» және «Нахдж Әл-Фарадис» тілдерінде 8 түрлі

фонетикалық нұсқа бар: -лик, -лик, -луқ, -лүк, -лығ, -лиг, -луғ, -лүг; «Мухаббат-наме» тілінде тек -лық, -лик, -луқ формасы ғана ұшырасады. Ескерткіштерде сын есімдер мен зат есімдер жиі белсенді болады. Бұған қосымша, бұл аффикстер көп мағыналы да болып кездеседі.

1. Зат есім жасау арқылы дерексіз ұғымдар береді. Бұл сөздерді шағын семантикалық топтарға бөлуге болады.

а) сын есім негізден зат есім тудырып сапа мен жағдайды білдіреді. Иаманлық (жамандық): йаманлық қылған ергә егулік қыл - жамандық қылған адамға жақсылық қыл /Г.326/ [6].

Есенлік (есендік). Сөз түбірі қыпшақ жазбаларында кездеседі: тас – есен (здоровый, благополучный).

Ашлық (астық). Зайончковский: зерновой хлеб, зерно. Шығыс түркі тілдерінде: ашлығ, ашлық (зерно, злаки), ашла (есть, кушать), ашлақ (кушанья, яства), ашлық (обеспеченный едой, пищей; имеющий в качестве пищи что - либо), аша (есть, кушать) [4, 62]. Түркі тілдерінде танымал белгілі сөз.

Ачлық (аштық): Өкүш йнг әрмин ачлық бирлә алмәк – аштықтан өлу өте қиын /ХШ,84 б.16/ [4].

б) адамның мінезін, әрекетін, қалпын білдіретін сөздерден жасалған абстракт мағынадағы зат есімдер тудырады:

Кишилик (адамгершілік): йар өлтүрмәк кишилик ермәз – Досты өлтіру – адамдыққа жатпайды /ХШ, 195 , 17/ [4].

Фузуллуқ (арсыздық): фузуллуқ қылма өз орнунда тур тек – арсыздық қылма өз орнында тұр /ХШ, 218/ [4].

Ұлұғлуқ (ірілік): Мәгар кішілікні ұныттың кім, ұлұғлуқ естірсін – Кішілікті ұмытқан адамнан ірілік көрерсің /Г,273 б.,7/ [6].

в) жан-жануарлардың атауларына жалғанып абстракты ұғымды зат есімдер жасайды.

Бөрилик (бөрілік, бөріге ұқсас): Бөрилик қой, чабан қыл ишиңни – Бөрілікті қой, шопанға ұқсап іс қыл /ХШ, 168 ,19/ [4].

Тилкүлүк (қулық, айлакерлік): Арслан тилкүлүк қылса йәрашмаз – Арыстанға қулық жараспаз /ХШ, 167 б. 12/ [4].

г) ескерткіштерде сын есімге жалғанып, абстракт мағынадағы зат есімдер жасайды:

Түгәллик (түгелдік, бүтіндік): Түгәллик йәхшы – бүтіндік жақсы /ХШ, 16 б. 20/ [4].

2. Атақ, дәрежені білдіретін сөздерден адамның әлеуметтік жағдайын, кәсіпті, қызметті білдіретін зат есімдер жасайды:

Беклик (бек қызметі): Арзу билән беклик ғасил болмас – Тек қана үмітпен бек бола алмайсың /Г, 190/ [6].

Қуллық (құлдық, қызмет көрсету): бу ол му, йа дәгүл му билсә болмаз, ики әрклигә қуллық қылса болмаз – Бұл сол ма, әлде ол емес пе біліп болмас, екі үкіметке бір уақытта құлдық қылып болмас /ХШ,49 б. 3/ [4].

Ханлық (хандық, патшалық): Бу күн ханлық бозынға кәртү хан сән – Бүгін хандыққа лайық хан сен /ХШ,114, 14/ [4].

3. Әр түрлі мақсатқа арналған заттар мен нәрселердің атын білдіреді:

Ашлық (нан, бидай, дән): Йер урук алмайынча бермәз ашлық – Жер ұрық алмай, бидай бермес /ХШ,204/ [4].

Түнлүк (түндік): Соңы айдың тег оң түнлүкдан енгай – Соңынан сәулеге ұқсап түндіктен енеді /ХШ, 86/ [4].

4. Өлшем, бірлікті білдіретін сөздер –лық жұрнағымен жасалғанымен өте сирек:

Бирлик (бірлік): Анық бирликангә берүр тануқлуқ – Оның бірлігіне куә болады /ХШ,5 б. 16/ [4].

5. Шыққан орынды, мекен-жайды

білдіреді: “Гулистан бит - турки” дастаны мен «Хұсрау уа Шырын» жазба ескерткіштерінде ғана бірер дерек бар:

Кавунлық (қауындық, қауын егілген бақша): Гәр йесе қази алип бартил сәндән беш хийар он қавунлық ғасил етәргә қыл йарар – Егер қазы сенен пара үшін бес қияр алса, онда саған он қауындық бақшаны тиесілі етеді /Г, 16 а 3/ [6].

Уштмақлық (жұмақ тұрғыны): Тәмұғлық қыл мени йа фәм уштмақлық – Мені не тамұқтың не жұмақтың тұрғыны қыл /ХШ, 17 б 16/ [4].

Еллик (бір елге тәуелді): Не еллик болурсиз – Қай елденсіз? (ХШ, 52 а 3) [4].

Ғалым-зерттеуші Ә.Керімовтің көрсетуінше –лық аффиксі негізінде жасалған “ХШ” дастанында 245 туынды сөз, “Г” дастанында 55, “Мн” дастанында 6 туынды сөз бар екен [7, 160].

-лық, -лығ аффикстері қазіргі түркі тілдерінде ең өнімді жұрнақтардың бірі. Көптеген сөзжасамдық қосымшалар бірнеше мағынаға ие белгілі бір сөз класына орналастыру арқылы олардың мағынасын ашу қиын. –лық, -лік аффикстері қазақ тілінде бірнеше мәндерді білдіреді.

Бұл қосымшалардың алғашқы сөзжасамдық мағынасы салыстырмалы мағына болды, содан кейін заттық ұғым қалыптасты. Мысалы, беклик / қызмет – беклик / бек, жастық шақ – жастық.

-лық жұрнағының түрлі фонетикалық аллофондары туралы түркітану саласында ғалымдар тарапынан түрлі зерттеулер жасалып, пікірлер айтылған. Бұл туралы ғалым-зерттеуші Н.К.Дмитриев: “При всем многообразии функций, природа аффикса является идея концентраций или объединения чего - либо; сперва конкретных предметов, а потом и абстрактных” [8,171] деп айтқан.

Зерттеуші-ғалымдар, атап айтқанда В.А.Серебренников пен Н.З.Гаджиева көптеген зерттеулерге бойсұна отырып, өз еңбектерінде -лық, -лиг формалы жұрнақтар жазба жадыхаттар тілінде көптік, жинақтау мағынасын білдіреді деп көрсетеді [9, 302].

Көне түркі, орта түркі жазба мұрағаттарының көпшілігінде жеке тұлға-заттық-ұғымдық сөздерде жағымсыз мағына тудыратын өнімді жұрнақ. Қазіргі түркі тілдерінде де жиі қолданылады. Қазақ тілінде де екі тұлғада – сізсіз, -сіз нұсқаларға түсесіз.

М. Томановтың айғақтарында –сыз жұрнағы өзінің атқаратын қызметіне байланысты –сар аффиксімен ұқсас болып келеді.

Бұл сөзжасамның жұрнақтары ерте кезден бастап жалғыз мағынаға ие екенін білдіреді. Түрлі болжамдар, оның шығу тегі. Г. Рамстедт оның қытай, корей чиа – кісі, ер кісі деген сөздерінен шыққанын айтады [10, 209].

-даш, -дәш “ХШ” және “Г” ескерткіштерінде жиі ұшырасады. Туыстық, жолдастық қатынасты зат есімдерге жалғану арқылы білдіретін атауларды жасайды.

Йолдаш (жолдас, серік): Мен дағы анларға йолдаш болмақ тиләдим – Менің оларға жолдас болғым келді /Г, 151 а 3/ [6].

Қарындаш (туған – туысқан адамдар). Тас – қарындаш (брат, собрат, единоутробные братья и сестры); ата қарындашы (дядя по линии отца); қайын қарындашлар (родители и родственники жены и их потомство); қыз қарындаш (сестра); КК, МК. ДТС – қарындаш // қарындаш (брат единоутробный) [1].

Көңілдаш (дос, көңілдес): Көңілдаш мән йәнә залым ерүр йар – Мен шын доспын, ал менің досым залым /ХШ, 115 в 10/ [4].

Евдаш (әйел): Йақшы ер евдәши йаман болса, жәвр ичиндә ерин ғәмишә қыйнар – Жақсы адамның әйелі жаман болса, ол үнемі ерін азаптар /Г,134 а 6/ [6].

- даш жұрнағы туралы әртүрлі пікірлер бар. Н. Остраумовтың айтуынша, бұл жұрнақтар жатыс септігінің жалғауы -да жалпы мағынасының қосындысындағы -ш жұрнағының қосындысынан тұрады [11, 9]. Ал белгілі қазақ ғалымы Қ.Аханов бұл тұлғаны тараулардағы «морфологиялық будандастыру процесі мен қорытылу процесінің қатысуы нәтижесінде пайда болған Құран жұрнағы» деп есептейді [12, 19]. Түркі тілдерін зерттейтін ғалымдар бұл жұрнақтар кейбір жеке сөздерді араластыру арқылы жасалған деп мәлімдейді. Кейін сөз күңгірттен келе жеке жұрнаққа, түбір сөзге тіркесе береді. Тілдің белгілі бір ішкі заңдылығына сүйенеді.

-ым жұрнағы ескерткіштерде кездеседі, олар, - ым, - им, -ум, - м және бірнеше мағынада қолданылады.

Жаңа сөзді құрудың бір тәсілі – субстантивтену. Қазақ тілінде субстантивті сын есімдер, сан есімдер, нақыл сөздер және кейбір модаль сөздер кезінде олардың лексикалық мағынасы, грамматикалық сипаты, функциясы өзгереді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілінің тарихи қалыптасу және даму кезеңдерін тарихи тұрғы-

дан зерттеу – лингвистикадағы өзекті мәселелердің бірі. Алтын Орда жазба ескерткіштері тілі мен қазіргі қазақ тілінің сабақтастығын зерттеуде және олардың сөзжасамдық ресімделуін анықтауда ерекше орын алады.

Орта ғасырлардың жазба ескерткіштерін зерттеу кезінде біздің әдеби тіліміздің тарихи құбылыстарын диакронды да, синхронды тұрғыдан да қарастыру қажет. Осы мақсатта орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер тілінде есім сөздерді құру жолдары егжей-тегжейлі сипатталды.

XIII-XIV ғасырлардағы жазба ескерткіштері жазба ескерткіштер тіліндегі есім негізді сөздер зерттеу тақырыбына айналды, олардың қалыптасу және пайда болу жолдары, даму ерекшеліктері анықталды.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, сөз тіркестерін құрайтын басқа жұрнақтар жазба ескерткіштер тілінде кездеседі.

Осылайша, жазба жадыхат тіліндегі атау-бұл біздің тіліміздің жүйесінде орын алатын, мағынасы, құрылымдық көрсеткіштері, сөзжасамдық тәсілдері мен синтаксистік қызметінде ерекшеленетін өзгермейтін сөз.

Біздің зерттеу жұмысымыздың негізіне орта ғасыр жазба ескерткіштерінде атаулы сөздерді құру тәсілдері алынған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Древнетюркский словарь. Л., 1968, С. 820.
2. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского языка. М.Л, 1960, С. 340.
3. Сыздыкова Р.Г. Язык Жамий'ат-Тауарих Жалайри. - Алма-Ата, 1989. С. 240.
4. Зайончковский А. Старейшая тюркская версия поэмы «Хосров-у-Ширин». Прага, 1956. С. 120.
5. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. М. – Л., 1948, С. 171.
6. Сарай С. Гөлестан. Лирика. Дастан. Казан, 1999. С. 260.
7. Керимов А. Словообразовательные аффиксы в языке памятников тюркоязычный литературы XIV века. рукопись канд. Дис. А. 1979, С.160.

8. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. М-Л. 1948, С.171.
9. Серебренников В.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. М: Наука. 1986. С. 302.
10. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, С. 260.
11. Остраумов Н. Этимология сартовского языка. М. 1940. С. 190.
12. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. А. 1972. -239 б.

Г.Ж. ШЕРТАЕВА

ОБРАЗОВАНИЯ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ НА ЯЗЫКЕ ПАМЯТНИКОВ

Магистр педагогических наук,
школа-лицей №52, г. Шымкент, Казахстан

G.J. SHERTAEVA

NOUN FORMATION IN THE LANGUAGE OF MONUMENTS

Master of pedagogical sciences,
Lyceum school No. 52, Shymkent, Kazakhstan

Аннотация. Без письменных архивов, обозначающих состояние языка в каждом историческом периоде, не создается никакая языковая история. Первая задача в этой области – отсутствие материалов, которые могут отражать особенности языка в каждом историческом периоде, характер, сущность. Важно исследовать историю становления, развития литературного языка в сочетании с общенародным языком, диалектами и языком древней письменности. Единственный факт, отражающий глубину истории литературного языка, является памятником древней письменности. Поэтому их тщательное изучение – одна из самых ответственных проблем в науке. К числу основных задач относится определение того, насколько современный язык связан с языком письменных памятников средневековья. Это способствует определению путей изменения, развития, становления определенного языка. Особое значение имеет изучение истории древнетюркских языков и современных тюркских языков, в том числе и казахского.

Ключевые слова: памятников, имя существительное, словообразование, грамматика, тюркских языков.

Abstract. Without written archives indicating the state of the language in each historical period, no linguistic history is created. The first problem in this area is the lack of materials that can reflect the peculiarities of the language in each historical period, the nature, the essence. It is important to study the history of the formation and development of the literary language in combination with the national language, dialects and the language of ancient writing. The only fact that reflects the depth of the history of the literary language is the monument of ancient writing. Therefore, their careful study is one of the most important problems in science. Among the main tasks is to determine how modern language is related to the language of written monuments of the middle ages. This helps to determine the ways of change, development, formation of a particular language. Of particular importance is the study of the history of ancient Turkic languages and modern Turkic languages, including Kazakh.

Keywords: word, noun, word formation, grammar, Turkic languages.

FTAMP 18.71.45:

Қ.Н. ШОТА

ф.ғ.к., профессор, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: shota-55@mail.ru

ІСМЕРЛІК ӨНЕР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА (ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ)

Аңдатпа. Бұл мақалада қолданбалы өнердің өзіне тән ерекшеліктері /спецификасы/ эстетикалық көркемдік талғамы, өңдеу, бейнелеу, мәнерлеу әдіс жолдары бар дамыған дәстүрге айналған өнер, тұрмыс мәдениет ошағының негізгі тармақ бөліктерінің ажырамас саласы жөнінде айтылады.

Түйін сөздер: ісмерлік өнер, этнос, қию, ою, кесу, үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, қиғаш, кілем.

КІРІСПЕ

Халықтың ұрпақ тәрбиелеу тәжірибесі өте бай. Адам баласының белгілі бір этносқа тән қасиеті сәби кезінен, тіпті ана құрсағында жатып-ақ қалыптасады. Ана мен бала арасындағы көзқарас, отбасы мүшелерінің ара-қатынасы, бір-бірімен сыйластығы, мінез-құлқы, т.б. құндылықтар өмірдің бөлінбес бөлшегі десе болады. Отбасының қалыптасуына үйдегі тәлім-тәрбие (этнопедагогика) шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. Сондықтан да болар дана халқымыз: «Балапан ұяда не көрсе, Ұшқанда соны алады», – деп, қашанда өз ұрпағына жақсы тәлім-тәрбие беруді мақсат етіп қойды.

Халық педагогикасының негізі ұлттық рухани, мәдени мұралар (ою-өрнек, қол өнері, ән-күй, өлең-жыр, т.б.), салт-дәстүрлер, әлеуметтік мінез-құлық нормаларында жатыр. Ұлттық педагогика түрлерінен халықтық идеялар көрініс табатын тұстары өз алдына бір төбе. Ал ауыз әдебиетінің үлгілері,

оның ішінде мақал-мәтел, өлең-толғау, термелер, жұмбақтар – ақыл-ойды жетілдірудің, батырлар жыры, ән-күй, терме-тақпақ – эстетикалық және ерлік рухта тәрбиелеудің, ертегілер мен аңыздар – адамгершілік мінез-құлықтар мен қарым-қатынасты қалыптастырудың құралы ретінде пайдаланылады. Бұл мақаламызда біз қазақ қол өнерінің өзіндік ерекшеліктерімен қатар, тілдік нормаларда қалай қолданынымыз жайлы сөз қозғаймыз. Әрі көптеген қолөнерге қатысты сөздерге этнолингвистика тұрғысынан талдау жасауды жөн санадық.

Қазақтың қол өнерінің тәрбе беруде мәні ерекше. Тек қана ою-өрнек, кесте тігіп, ши тоқу, зергерлік бұйымдарды жасау ғана емес, неше түрлі заттарды бір-бірімен үйлестіре отырып құрақ құрау, киім тігу, ісмерлікпен айналысу үлкен ізденісті керек етеді. Ісмерлік өнер қазақ халқының өмір тірішілігімен біте қайнасқан атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық өнер.

ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

“Өлеңді деп айтасың, жаныңды жеп айтасың” демекші, қай өнер болсын оның өзіндік ерекшелігі, өзіндік қиындықтарының бар екендігі белгілі. Ендеше халық: «Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ» деп, белгілі ойды бедерлеп, қас шебердің қолынан шыққан не бір әсем бұйымдар мен тоқсан ауыз сөзді тобықтай етіп түйіндейтін «орақ ауызды, от тілді» шешенді қатар қойып, бір мәтелге сыйдыруы да тегіннен-тегін болмаса керек. Өнер туралы ұлы Абай: «Әр елдің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік пікірлесе алады аса арсыздана жалынбайды», – дей келе, «...өнер де өзі, мал да өзі ғылымға көңіл бұрсаңыз» деп, байлық пен өнердің көзі ғылымда екендігін халқына өз кезінде түсіндіре білген [1;3].

Ісмерлік өнерде көбіне қолданылатын тәсілдер: қию, ою, кесу, тігу т.б. екендігін білеміз. Кез-келген заттан қажетті бұйым жасау үшін қиып алудың да түрлі тәсілдері бар. Мысалы: күлтелеп қию, жалаң қию, білтелеп қию, үшбұрыштап, төртбұрыштап, дөңгелектеп, қиғаштап қиюдың т.б. түрлерін ісмер адамдар кеңінен қолданады. Тек геометриялық фигураларды кесу үшін ғана емес, оларды бір-бірімен қиюластырудың да өзіндік жақтары бар екені баршаға белгілі.

ӘДІСНАМА

Ісмерлік өнерде іс машинасымен тігу бар да, қолмен тігу бар. Алайда қолмен тігудің жиырмадан аса тәсілдері бар екендігіне көз жеткізуге болады. Олар: басып, бастырмалап, байлап, жапсырып, жамап, жөрмеп, жарыстыра, түртіп, түптеп, тартып, тізіп, торлап, сырып, шалып, шалмалап, шекіп, шандып, шимайлап, іліп, ілгілеп, т.т. тігудің түр-

лерін тізе беруге болады. Алайда бұл тігудің тәсілдері мен әдістерді кеңінен қолдана отырып, хас шеберлердің қолынан шыққан дүниелердің әсемдігіне еріксіз көз тоқтатамыз. Мысалы, кесте тігу өнерінде де торлап тігу, маржандап тігу, айырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кесте тігу осы тәсілдер кеңінен қолданғандығы белгілі.

Кесте тігу – тұтастай бастыра әшекейлеу үшін: шалыс тігу, жатық тігу, термелеп тігу, бастыра тігу т.б. тәсілдері бар. Кесте Өзінің тігілуіне қарай біз кесте: баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), кебене ине т.б. түрлерін атауға болады. [2;551] Біз кестені шым кесте, немесе әрәдік кестедеп те атайды.

Сиса – мақта-матадан жасалған жұқа матаның түрі. Оның бояуы бір текті болып келеді. Матаның түсіне қарай ақ сиса, қызызыл сиса, көк сиса деп те аталады.

Қыжым – кейде плющ мата деп аталатын қымбат матаның түрі. Қыжымнан әйелдерге де ерлерге де шапан, желет тігіледі.

Қатипа – қатты, төзімді матаның түрі. Қатипадан қазақ шеберлері көбіне әйелдер киетін іші сыртын қаптаған. Одан күпі, шапан секілді киімдер де тігіледі. Бұл мата төзімді, әрі ұзақ киілетін болғандықтан қыз балаға да өмірдегі кездесетін қиындықтарға төтеп бере алатындай мықты болсын деген ниетпен «Қатипа» деп ат қоятыны да сондықтан болса керек.

Мұндай қатты матадан түрлі заттарға қап, қаттама т.т. заттар тігіледі. Мысалы, Махамбет:

Орай да борай қар жауса,

Қалыңға боран борар ма,

Қапталдай соққан боранда

Қаптама киген тоңар ма [3;57], – деген өлең жолдарында кездесетін қат-

тама (қаптама) – қатты матадан астарына жүн, қыл немесе мақта сырылып тігілетін жауынгерлер киген жеңіл киім. Жеңсіз, қысқа немесе ұзын жеңді, жағасыз етіп те тігетін сырт киім. Қаттаманы кезінде жеңіл қаруланған жауынгерлер киген [4; 10-25].

Қатардағы қазақ жауынгерлері қаттаманы XIX ғасырда киген. Ол жылы, әрі жеңіл, жүріп-тұруға ыңғайлы. Көшпенділердің жауынгерлерін осы сауыт түрімен бейнелейтін өнер туындылары жиі кездеседі [5; 210]. Қазір де жастар арасында сәнге айналған жеңіл матадан тігілген сырт киімді «жеңіл польто», «жаздық польто» дегеннен гөрі «қаттама» деп атауға әбден келеді.

Қаттама кежім – жауынгерлердің аттарына кигізетін жұмсақ сауыт. Матадан бірнеше қабатталып, астарына жүн, қыл, мақта салынып, сырылып тігіледі. Көшпенділердің жауынгерлерін осы сауыт түрімен бейнеленген өнер туындыларын сурет өнерінде жиі кездестіреміз. Тасқа басылған ескерткіштерде, шығыс бейнелеу өнерінде де осындай ат сауыттарымен жарақтанған түркі-моңғол жауынгерлері жиі бейнеленгенін де айқын байқауға болады [6;110]. Кейінгі кездері ат баптаушы бапкерлер де ат қатты терлеген кезде суықтап тер қатып қалмау үшін, немесе буын-буынына жем түспеу үшін қаттама кежімді қолданып жүр.

«Біз кестені» тігу үшін дөңгелек, төртбұрышты керме ағашқа түрлі ою-өрнекпен бедерленген матаны керіп алып, сол салынған өрнекті қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы тігіледі. Ал шым кесте (шымқай кесте) тігілетін матаның ашық жерін қалдырмай, не болмаса ашық орамды аз ғана қалдырып, тұтас әртүрлі жіппен тұтас кестелене тігіледі.

“Әрәдік кесте” – көбіне матаның бұрыш-бұрышына тігілетін түрі. “Әрәдік

кесте” көбіне тақияға, шалбардың балағына, сырт киімнің өңірі мен жаға, жеңіне, кең қоныш етіктің бұрыштарына тігіледі. Қазіргі заманда ұлттық өрнекпен кестелеп киім-кешекке бедер түсіре тігу сирек те болса қолданылады. Көбіне біздің заманымызда техниканың жетілуіне орай, кестені тігін машинкасымен тігу дәстүрге айналып бара жатыр. Бұл біздің қолөнеріміздің дамуына бірқатар кедергісін де тигізетінін де назардан тыс қалдырмауымыз керек. Қазір Республикамызда Алматыдағы «Тұс киіз», Тараздағы «Өнер тану», Өскемендегі «Өрнек» сынды қазақ халқының кесте өнерін кеңінен қолданатын фабрикалар жұмыс істеп, ұлттық дәстүрді қайта жаңғыртып, халқымыздың мақтанышына айналууда. Бұл күнде осы фабрика өнімдері дүниежүзілік көрмелерде жүлделі орындарға ие болып, халқымыздың өнерін паш етуде.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақ халқы тіліміздегі бірде-бір сөзді орынсыз қолданбаған. Ісмерлік өнерде де киюге ыңғайлы, әрі көрікті заттарды тігу үшін түрлі маталар мен теріні, шашақ жіптер мен күміс түймелерді үйлестіріп, сән-салтанатын арттыра түсу үшін сол заттарды қолданған. Айталық, әйелдерге немесе ерлерге арналып тігілетін киімдер талғамға негізделініп, түрлі маталар таңдалынып алынады. Матаны таңдаудың өзі де үлкен шеберлікті қажет етеді. Біріншіден, матаның түсі, оған салынатын өрнек өте үйлесімді, әрі көңілге қонымды болуы қажет. Көпшілікке таныс барқыт, қыжым, масаты сияқты қымбат маталардың өздерін таңдап алу үшін үлкен шеберлікпен талғам керек. Сиса, қыжым, қатипа сынды халыққа кеңінен таныс маталарды көпшілікке өте таныс. Халық шеберлері түрлі жіптерді байлаудың да көптеген тәсілдерін білген. Мысалы: шалып

байлау – өте мықты байланатын, әрі оңай шешілетін байлаудың бірі. Сондай-ақ ұшмамыштап байлау, ілмектеп (ілгектеп) байлауды да хас шеберлер белгілі бір заттың ұшын шешуге оңай болсын деп кең түрде қолданылады.

Томағалап, немесе шандып т.б. байлау тәсілдерін қазақтың ісмерлік өнерінен басқа да шаруашылықтың барлық түрлерінде: мал байлау үшін, құсбегі. Қолөнер адамның әсемдікке, нәзіктікке деген сезімін тербеп, сол салада табиғатты өзінше таңбалап, бедерлеп, сұлулықтың қабілетін арттырады. Ол арқылы біз зор эстетикалық рухани тәрбие алып, әлемдік өнер шыңына қанат қағамыз. “Өнер жемісі - өмірге азық” демекші, жас ұрпаққа қолөнер арқылы жан-жақты берілген тәлім-тәрбие олардың өмір азығы болатынына күмән жоқ. Өйткені, қолөнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің қайнар көзі болған, ғасырлар асылы өз қадір-қасиетін жоғалтпай жалғасын тауып келе жатқан асыл мұралар.

Ұлтымыздың бағалы тұрмыстық бұйымдардың бірі саналатын үй жасауларының бірі – кілем. Кілем – негізінен қазақ халқының сәнді, әрі қымбат бұйымы. Кезінде байлық кілеммен бағаланған. Кілем бетіндегі сан қилы сәнді өрнектерге қарсаңыз, тұнып тұрған халық шежіресімен сырласқандай боласыз. Бір кезде өмір сүрген халықтардың тұрмысы, көшпелі елдің ағаш үйі, дала төсі, ке жайлау, тіпті қора-қопсы, ескі қорғандар, т.б. заттар – осының бәрі кілем бетінде бедерленіп, көшпелі елдің мәдениетінен сыр шертеді. Сол бедерлерге қарап, өмір шындығын аңғару да онша қиынға соқпайды.

Осы өнер түрлерінің қай-қайсысында болмасын, яғни қазақ халықын айнала қоршаған бұйым, зат, құбылыстардың кез келгенінің де жасалу болмысында ою-өрнек өнері қатысып,

оларды әсем де сәнді көрсетіп, мазмұнды да әсерлі етіп отырған. Осылайша оюмен ғана ойы толық, мазмұны анық көрінетін қолөнері – қазақ халқының байырғы кәсіпшілігі болғаны белгілі. Олар осы кәсіптің арқасында өздерінің материалдық-рухани қажеттілігін өтеп қана қоймай, дер кезінде балаларына-жастарға оның қыр-сырын түсіндіріп, жасалу жолдарын көрсетіп отырған. Осындай қиын да қызықты өнер санмың жылдар бұрын, қарапайым өнерпаздарының ой қазынасынан шығып, шебер қолдарымен жасалған заттар біздің рухани байлығымыз. «Қалы кілем түрге керек, Алмас қылыш ерге керек», – деп білген аналарымыз кілемнің түрін келтіріп, ерінің беделін бәрінен биік қойып, асқақтата білген.

Көне заманнан келе жатқан кілем атаулары бүгінгі күнге дейін сол аттарымен аталады. Мысалы, бұқар кілем, жол кілем, жолақ кілем, жібек кілем, масаты кілем, мақта кілем, қалы кілем, қара кілем, құлпырма кілем, тақыр кілем, қалы кілем, сиса кілем, түкті кілем, ақ сирақ кілем, алаша кілем, андіжан кілемі, түркімен кілемі, адай кілем, шаршы кілем, кілемше т.б. сияқты көптеген атаулардың өзі-ақ қазақ халқының кілем тоқуы әр жерде өзіндік мәнерде жасалғандығын аңғартады. Тіліміздегі осындай атауларға этнолингвистикалық тұрғыдан анықтама беру болашақта қарастырамыз деген ойдамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ойымызды қортындылай келе, тілдік қорымызда кеңінен қолданып жүрген көптеген сөздер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Хас шеберлердің қолынан шыққан әсем бұйымдарға қызығып қана қарамай, тілдік қорымызда қолданып жүрген сөздерді жиып, бір жүйеге түсіру

тілші қауым мен сөз өнерін білетін, тілді қадірлейтін көпшіліктің ісі деп білеміз. Киім тігу мен оны өрнектеуде тек аса ісмерлікті ғана пайдаланып қана қоймай, сол киім кімге арналып тігілді, лауазымы, руы, қызметі т.б. әлеуметтік жақтарын сипаттауда да шебер өз қолтаңбасы арқылы байқатып отырғаны өз алдына әңгіме. Тілімізде бар киім

атаулары мен шеберлердің қолынан шыққан небір бұйымдардың атауларын қолданысқа ендіру, оны барынша сөйлеу мәдениетімізден ойып тұрып орын беру, қабылдау, және жастарымызға білгенімізді үйрету аға буынның қолында. Ұлтымыз өссін, өнсін десек, өз өнерімізді ұрпаққа үйретіп, оны көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмдері. Алматы, 1973, 123 б.
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2002, 5 т. 717 б.
3. Өтемісұлы М. Жыр семсер. Алматы, 1979, 150б.
4. Худяков Ю.С. Вооружения средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. Новосибирск, 1986, 214с.
5. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. Алматы, 1969, 120 б.
6. Алланиязов Т. Очерки военного дело кочевников Казахстана. Алматы, 1996, 230 с.

К.Н. ШОТА

**ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО И НАЦИОНАЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА
(этнолингвистический анализ)**

к.ф.н., профессор,

*Казахская национальная академия искусств им. Т.Жургенова,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: shota-55@mail.ru*

K.N. SHOTA

**APPLIED ARTS AND NATIONAL PEDAGOGY
(ethnolinguistic analysis)**

candidate of philological sciences, professor,

*T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: shota-55@mail.ru*

Аннотация. В этой статье рассматриваются научные теории основы прикладного искусства казахского народа. Особенности прикладного искусства – эстетика, дизайн, выразительность, и они являются неотъемлемой частью бытовой культуры.

Ключевые слова: искусство среди девочек, этнос, отделка, резьба, резка, треугольник, квадрат, круглый, скошенный, ковры.

Abstract. This article is about scientific theory which is the foundation of applied arts of the Kazakh nation. Peculiarity of the applied arts is aesthetics, design, expressiveness and they are the main part of social culture.

Key words: art, ethnicity, decoration, carving, cutting, triangle, square, round, beveled, carpets.

ГРНТИ 14.15.

И.В. МИХАЙЛИЧЕНКО¹, А.Б. БЕКМАГАМБЕТОВ², Р.Г. НУРМАГАМБЕТОВ³

¹к.ю.н., доцент кафедры государственного и муниципального управления, Западный филиал Российской академии народного хозяйства и государственной службы, г.Калининград, Россия, E-mail: mihailichenko_iv@mail.ru

²к.ю.н., ассоциированный профессор (доцент), г. Нур-Султан, Казахстан E-mail: adilet1979@mail.ru

³PhD, ассоциированный профессор (доцент), профессор кафедры права Костанайского филиала ФГБОУ ВО «Челябинский государственный университет», г.Костанай, Казахстан, E-mail: orel032@mail.ru

ВНЕДРЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ОПЫТА МОДЕРНИЗАЦИИ ГРАНТОВОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ОБРАЗОВАТЕЛЬНУЮ СРЕДУ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

Аннотация. В научной статье рассмотрены вопросы, связанные с внедрением передового опыта грантового финансирования юридического образования в Республике Казахстан в образовательную среду Российской Федерации. Не отрицая значимость плюрализма концептуальных идей и практических подходов, авторами высказана точка зрения о том, что важно перенимать и использовать накопленный Республикой Казахстан опыт совершенствования юридического образования на территории Российской Федерации в целом и в стенах филиала в частности. Авторами предлагаются действенные апробированные в Республике Казахстан пути совершенствования правовой политики в этой сфере. К числу которых они относят – совершенствование механизма координационной деятельности в нормотворческом процессе и его научно-экспертное сопровождение, разработка механизма упорядоченного сетевого взаимодействия всех субъектов НИИ Российской Федерации при организациях высшего профессионального образования, подведомственных НИИ и аналогичных научных подразделениях между собой, а также с отечественными и зарубежными грантхолдерами и стейкхолдерами в рамках различных механизмов финансирования на базе единого комплексного тематического плана и пула научных проектов фундаментального и прикладного характера, совершенствование деятельности НИИ, научных центров в сфере юридической науки в части обеспечения прямого (базового) подушевого финансирования из федерального бюджета, в особенности разработок авторов, кто занимается фундаментальными и прикладными разработками в сфере цифрового права или правового обеспечения цифровой экономики – новой комплексной отрасли законодательства, права и учебной дисциплины Российской Федерации. По мнению авторов, отмеченные перспективные пути развития образовательного процесса в Российской Федерации ставят задачу объединения научного сообщества в выработку единого научного теоретико-правового понимания соответствующей правовой концепции, механизма ее реализации на федеральном и региональном уровнях публичной власти.

Ключевые слова: грантовое финансирование, юридическое образование, образовательная среда, правовая политика, совершенствование, механизм координационной деятельности, нормотворческий процесс, научно-экспертное сопровождение, сетевое взаимодействие, высшее профессиональное образование, грантхолдеры, стейкхолдеры.

ВВЕДЕНИЕ

В настоящее время Российская Федерация и Республика Казахстан располагают мощным научно-техническим потенциалом, сложившимся в результате сплава научного наследия предыдущих поколений ученых и развития отечественных научных исследований в эпоху независимости двух государств.

Безусловно, нельзя не признать, что Республика Казахстан является примером поступательного совершенствования юридического образования, образом интеграции научной мысли в мировое образовательное пространство.

Анализ проводимой правовой политики подтверждает высказанную мысль. Так, в разделе 7 Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года поставлены задачи по дальнейшей модернизации юридического образования, а также принятию мер по стимулированию и поддержке Научно-исследовательских институтов в сфере правопедения [1].

Одной из актуальных проблем, постоянно поднимаемых казахстанским научным сообществом, является недостаточное финансирование, поскольку действующие механизмы и инструменты не позволяли более системно и комплексно повысить эффективность отечественной науки.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В двух ежегодных Посланиях Главы государства (2020, 2021 гг.) поставлен ряд задач по принятию действитель-

но беспрецедентных мер по финансированию, зарубежным стажировкам в ведущие мировые научные центры, повышению престижности занятия научно-исследовательской деятельности, увеличению продуктивности и вклада в социально-экономическое развитие страны [2;3].

Буквально недавно во исполнение поручений Главы государства Парламентом приняты поправки в Закон «О науке», улучшающие условия финансирования и поддержки науки. Был объявлен конкурс грантового финансирования молодых ученых по научным и (или) научно-техническим проектам на 2022-2024 гг. Однако динамика финансирования юридической науки в сравнении с другими отраслями намного уступает.

Традиционная (грантовая и программно-целевая) и новая (прямое, базовое) формы финансирования будут способствовать тому, что «как минимум 1600 ученых начнут получать стабильную заработную плату в рамках базового финансирования», что «работа институтов гуманитарного профиля не будет зависеть от грантовых проектов поскольку получают постоянное финансирование» (по данным МОН РК). В эту категорию не попадают НИИ в сфере правопедения.

Новые правила прямого финансирования, безусловно, будут способствовать дальнейшему росту научно-технического потенциала, в том числе в сфере гуманитарных наук, однако, к сожалению, это не распространяется на

юридическую науку.

В институциональном плане к научным организациям (вузовским, подведомственным) в вышеназванной сфере относятся: Институт законодательства и правовой информации Министерства юстиции РК, республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения РК, Межведомственный научно-исследовательский институт Академии правоохранительных органов Генеральной прокуратуры РК, Академия юридических и экономических исследований им. С.Зиманова КазГЮУ им.М.С.Нарикбаева, Научно-исследовательский институт частного права Каспийского общественного университета, Центр проблем борьбы с преступностью, научно-исследовательский центр «Правовая поддержка инновационного развития Казахстана», центр экологической безопасности и права природопользования, научно-исследовательский Центр «Исследования проблем развития местного самоуправления» КазНУ им.Аль-Фараби, Центр антикоррупционных исследований и комплаенса Академии государственного управления при Президенте РК, Евразийский Центр экономико-правовых исследований Университета Нархоз, Евразийский центр права, инноваций и развития КИМЭП, научно-образовательный Центр Нельсона Манделы Костанайской академии МВД РК им.Ш.Кабылбаева и др.

Схожие функции выполняют: экспертный совет Комиссии по правам человека при Президенте РК, экспертный совет Конституционного Совета РК, научно-экспертный совет Ассамблеи народа Казахстана, Агентства по противодействию коррупции при Президенте РК.

Ученые-правоведы в составе экспертных советов внесли вклад в разработку Концепции правовой политики РК до 2030 года, Ежегодного обзора о ситуации с правами человека в РК Министерства юстиции РК, специального доклада «Актуальные проблемы защиты социально-экономических, трудовых, гражданских и культурных прав граждан и иных лиц в сфере противодействия торговле людьми в РК» Комиссии по правам человека при Президенте РК, Национального доклада о противодействии коррупции и проекта Концепции антикоррупционной политики на 2022-2026 годы Агентства по противодействию коррупции РК.

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева – ВУЗ исследовательского и международного типа, вносит свой вклад в укрепление научно-технического потенциала, реализацию государственно-правовой политики, интегрирование в мировое пространство.

В период с 2018 по 2020 годы в рамках грантового финансирования МОН РК на юридическом факультете ЕНУ им.Л.Н.Гумилева были успешно реализованы 5 научных проектов: «Анализ взаимодействия договорных органов ООН со странами ОЭСР и ЕАЭС в целях адаптации в Казахстане мирового опыта выполнения международно-правовых обязательств и сохранения национальной специфики в процессе модернизации законодательства» (научный руководитель д.ю.н. Абайдельдинов Е.М.), «Формирование и укрепление в Республике Казахстан профессиональной правовой культуры государственных служащих в свете модернизации общественного сознания: историко-теоретические, нормативно-регулятивные и практические аспекты» (научный руководитель д.ю.н. Абдрасулов Е.Б.), «Терроризм как

угроза национальной безопасности: совершенствование уголовной политики в системе противодействия РК» (научный руководитель к.ю.н. Сембекова Б.Р.), «Вклад Республики Казахстан в совершенствование национального и международно-правового режима контроля за ракетными технологиями и использование космических технологий в мирных целях» (научный руководитель PhD Куликпаева М.Ж.), «Правовые аспекты трансформации ВУЗов в некоммерческие акционерные общества в целях реализации Плана Нации» (научный руководитель д.ю.н. Амандыкова С.К.).

В настоящий период реализуются грантовые проекты «Разработка правового механизма регулирования труда медицинских и фармацевтических работников» (научный руководитель PhD Галиакбарова Г.Г.) и «Моделирование политики противодействия системе преступлений, связанных с эксплуатацией человека в свете выполнения Республикой Казахстан международных стандартов» (научный руководитель к.ю.н. Бекмагамбетов А.Б.).

Научно-педагогический опыт профессорско-преподавательского состава и результаты грантовых проектов, в которые также вовлечены молодые ученые Казахстана (студенты, магистранты, докторанты), представлены в авторских разработках (патенты, свидетельства), которые используются во всем мире.

Наиболее талантливые молодые ученые активно вовлекаются в проектную деятельность, рекомендуются для поступления в докторантуру, то есть в отношении них работает карьерная модель в рамках целенаправленной политики подготовки собственных научно-педагогических кадров.

В свою очередь научно-технический потенциал в условиях трендов цифро-

визации, интернационализации, в том числе конвергенции правовых систем, следует мобилизовать для комплексного решения принципиально новых задач, обозначенных в ряде концепций по различным направлениям государственной политики, а для этого предусмотреть базовое финансирование юридической науки.

В ежегодных посланиях Главы государства, в Концепции правовой политики РК до 2030 года, в послании Конституционного совета РК и ряде других ключевых документах сделаны акценты на дальнейшее углубление реформ в сфере формирования цифровой экономики, применение цифровых технологий при оказании государственных услуг и отправлении отдельных видов государственной деятельности напрямую влияет на степень реализации ряда конституционных прав человека и требует создания адекватной правовой базы [4].

Краеугольной является проблема нереализованности рекомендаций по совершенствованию законодательства из-за отсутствия консенсуса и консолидированной позиции в рамках межведомственного согласования концепций и проектов НПА.

ВЫВОДЫ

Не отрицая значимости плюрализма концептуальных идей и практических подходов, важно, чтобы узковедомственные интересы не стояли выше общенациональных.

Безусловно, важно перенимать и использовать накопленный Республикой Казахстан опыт совершенствования юридического образования на территории Российской Федерации в целом и в стенах филиала в частности.

В этой связи вносим следующие предложения и рекомендации:

Во-первых, совершенствовать механизм координационной деятельности в нормотворческом процессе и его научно-экспертном сопровождении, основанных на оптимальных унифицированных процедурах подготовки практически значимых рекомендаций в документы государственного стратегического планирования, проекты НПА Российской Федерации, соответствующие аналитические, специальные доклады.

Во-вторых, разработать механизм упорядоченного сетевого взаимодействия всех субъектов НИИ Российской Федерации при организациях высшего профессионального образования, подведомственных НИИ и аналогичных научных подразделениях между собой, а также с отечественными и зарубежными грантхолдерами и стейкхолдерами в рамках различных механизмов финансирования на базе единого комплексного тематического плана и пула научных проектов фундаментального и прикладного характера.

В-третьих, для НИИ, научных центров в сфере юридической науки предусмотреть прямое (базовое) подушевое финансирование из федерального бюджета, в особенности тех, кто занимается фундаментальными и прикладными разработками в сфере

цифрового права или правового обеспечения цифровой экономики – новой комплексной отрасли законодательства, права и учебной дисциплины Российской Федерации.

В-четвертых, системные вопросы дальнейшего развития юридического образования целесообразно отразить в национальном проекте «Качественное образование. Образованная нация Российской Федерации».

Безусловно, отмеченные перспективные пути развития образовательного процесса в Российской Федерации ставят задачу объединения научного сообщества в выработке единого научного теоретико-правового понимания соответствующей правовой концепции, механизма ее реализации на федеральном и региональном уровнях публичной власти. Способствовать активизации работы в этом направлении будет и организация с участием профессорско-преподавательского состава и студентов кафедры государственного и муниципального управления филиала и научной общественности Республики Казахстан круглого стола посвященного данной тематике. С учетом влияния информационных технологий данное мероприятие можно провести в онлайн-формате.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года: Указ Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674/info> (Дата обращения 26.12.2021).
2. Казахстан в новой реальности: время действий: Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2020 года// https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (Дата обращения 26.12.2021).
3. Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны: Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2021 года// <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048> (Дата обращения 26.12.2021).

4. О состоянии конституционной законности в Республике Казахстан: Послание Конституционного Совета Республики Казахстан (оглашено на совместном заседании Палат Парламента Республики Казахстан 22 июня 2020 года) // <https://ksrk.gov.kz/index.php/ru/solutions/poslanie-konstitucionnogo-soveta-respubliki-kazakhstan-ot-22-iyunya-2020-goda-o> (Дата обращения 26.12.2021).

И.В. МИХАЙЛИЧЕНКО¹, Ә.Б. БЕКМАГАМБЕТОВ², Р.Г. НУРМАГАМБЕТОВ³

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОПИСАНИЯ ПРОЯВЛЕНИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ

¹з.ғ.к., Мемлекеттік және муниципалды басқару кафедрасының доценті, Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызметі академиясының Батыс филиалы, Калининград қ., Ресей. E-mail: mihailichenko_iv@mail.ru

²з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

E-mail: adilet1979@mail.ru

³Ph.D., қауымдастырылған профессор (доцент), Челябин мемлекеттік университетінің Қостанай филиалының Құқық кафедрасының профессоры. Қостанай қ., Нұр-Сұлтан.

E-mail: orel032@mail.ru

I.V. MIKHAILICHENKO¹, A.B. BEKMAGAMBETOV², R.G. NURMAGAMBETOV³

IMPLEMENTATION OF EDUCATIONAL EXPERIENCE IN MODERNIZATION OF GRANT FINANCING OF LEGAL EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN INTO THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT OF THE RUSSIAN FEDERATION

¹Candidate of Legal Sciences, Associate Professor of the Department of State and Municipal Administration, Western Branch of the Russian Academy of National Economy and Public Administration, Kaliningrad, Russia. E-mail: mihailichenko_iv@mail.ru

²PhD in Law, Associate Professor, Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: adilet1979@mail.ru

³Ph.D., Associate Professor (Associate Professor), Professor of the Department of Law of the Kostanay branch of the Federal State Budgetary Educational Institution of Higher Education «Chelyabinsk State University», Kostanay, Kazakhstan. E-mail: orel032@mail.ru

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Ресей Федерациясының Білім беру ортасына Қазақстан Республикасындағы заң білімін гранттық қаржыландырудың озық тәжірибесін енгізуге байланысты мәселелер қаралды. Тұжырымдамалық идеялар мен практикалық тәсілдердің плюрализмінің маңыздылығын жоққа шығармай, авторлар Қазақстан Республикасы жинақтаған заң білімін жетілдірудің тәжірибесін Ресей Федерациясының аумағында, атап айтқанда Филиал қабырғасында қабылдаудың және пайдаланудың маңызды екендігі туралы пікір білдірді. Авторлар Қазақстан Республикасында сынақтан өткен осы саладағы құқықтық саясатты жетілдірудің пәрменді жолдарын ұсынады. Олардың қатарына келесілерді жатқызады: заң шығару процесінде үйлестіру қызметін жетілдіру және оны ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу; жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары жанындағы Ресей Федерациясы ФЗИ барлық субъектілерінің, ведомстволық бағынысты ФЗИ-лар мен ұқсас ғылыми бөлімшелердің өзара, сондай-ақ бірыңғай кешенді тақырыптық жоспар мен іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми жобалар пулының негізінде қаржыландырудың әртүрлі тетіктері шеңберінде отандық және шетелдік грантхолдерлер мен стейкхолдерлермен реттелген желілік өзара іс-қимыл тетігін әзірлеу; ғылыми-зерттеу институттарының, заң ғылымы саласындағы ғылыми орталықтардың қызметін федералды бюджеттен тікелей (негізгі) жан басына қаржыландыруды, әсіресе цифрлық құқық немесе цифрлық экономиканы құқықтық қамтамасыз ету саласындағы іргелі және қолданбалы әзірлемелермен айналысатын авторлардың әзірлемелерін – Ресей Федерациясының заңнамасының, құқығының және оқу пәнінің жаңа кешенді саласын жетілдіру. Авторлардың пікірінше, Ресей Федерациясындағы білім беру процесін дамытудың перспективалы жолда-

ры ғылыми қоғамдастықты тиісті құқықтық тұжырымдаманы, оны мемлекеттік биліктің федералды және аймақтық деңгейлерінде жүзеге асыру механизмін біртұтас ғылыми теориялық және құқықтық түсінуді дамытуда біріктіру міндеті.

Түйін сөздер: гранттық қаржыландыру, заң білімі, білім беру ортасы, құқықтық саясат, жетілдіру, үйлестіру қызметінің тетігі, норма түзушілік процесі, ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу, желілік өзара іс-қимыл, жоғары кәсіптік білім, грантхолдерлер, стейкхолдерлер.

